

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ атындағы ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

Әскери және тактика-арнайы даярлық кафедрасы

ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ пәні бойынша

ДӘРІС КЕШЕНІ

Қарағанды – 2020 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Бәрімбек Бейсенов атындағы
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

Әскери және тактика - арнайы даярлық кафедрасы

ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ пәні бойынша
1 курс курсанттары арналған

Дәріс

Тақырып № 1 Қазақстан Республикасы Әскери Доктринасы.

Қарағанды - 2020 ж.

Дайындаған:Әскери және тактика-арнайы даярлық кафедрасының оқытушысы
Утеубаев Т.Д.

ПӘС талқыланып, кафедра мәжілісінде бекітілді 2020 жылғы «09» маусым №
19 хаттама

Әскери және тактика-арнайы даярлық кафедрасының бастығы
полиция полковнигі Токтабеков С.Ж.

Оқу-тәрбиелік мақсаты:

1. Курсанттарды Қазақстан Республикасының Әскери доктринасымен, мемлекеттік қауіпсіздік тұжырымдамасымен таныстыру.
2. Қазақстан республикасының әскери негіздегі қару-жарақты қорғауы мен қорғанысым зерделеу.

Дәріс:

Кіріспе.

1. Қазақстан Республикасы Әскери доктринасының негізгі ережелері және қауіпсіздіктің әскери-саяси негіздері.
2. Мемлекет қауіпсіздігінің әскери-стратегиялық негіздері.
3. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әскери-экономикалық және әскери-техникалық негіздері.
4. Халықаралық әскери ынтымақтастық.

Әдебиеттер:

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 11 қазандағы № 161 Жарлығы
3. «Қазақстан - 2050» Стратегиясы – Қазақстан мемлекетінің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 15 желтоқсан Егемен Қазақстан № 828-231(27902)
4. «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 06 қаңтардағы №380 Заңы.//ЖК
5. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2707 Заңы.//ЖК
6. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы. "Егемен Қазақстан" 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 18-19 (27090).
7. «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары патрульді-бекеттік қызметінің қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 5 шілдедегі N 475 бұйрығы.
8. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрілігінің Ішкі әскерлері туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 23 маусымдағы № 1407-ХІІ Заңы.//ЖК
9. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің нысанды және арнайы киім-кешектерді кию ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ПМ 2005 жылғы 6 қазандағы № 587 бұйрығы.
10. Боевой Устав Сухопутных войск, часть II-III, Алматы, 2001.

К І Р І С П Е

Қазақстан Республикасының 2.02.2002 ж. Отырысында Қазақстан Республикасы Әскери доктринасының жобасы негізінен мақұлданды. Қауіпсіздік Кеңесінде айтылған ескерттелер мен ұсыныстарды есепке алып, жоба өңделіп, Мемлекет бастысына қарасуға тапсырылды. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Доктринаны жүзеге асыру жүктелінді. Құжат кіріспеден, үш бөлімнен (әскери саяси негіздер, әскери қару-жаракты елдің қорғанысының әскери негіздері және Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігінің әскери-экономикалығын қамтамасыз етудің негіздері) және қорытынды.

1. ҚР Әскери Доктринасының негізгі жағдайлары.

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы мемлекеттік әскери қауіпсіздігінің негіздерін құрайтын көзқарастардың, соғыстарды және Қарулы қақтығыстарды болдырмаудың (әрт қарай-әскери қақтығыстар), әскери құрылыс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық мүдделерін және оның халықаралық міндеттемелерін орындау мақсатымен Қарулы Күштерді, басқадай әскерлерді және әскери құрылымдарды пайдалану жүйесі болып табылады.

Қазақстан республикасы Президенті 2000 жылы 10 ақпанда бекіткен Әскери доктринасы 1993 жылы жасалынған және болды, тылған тәулсіз мемлекеттің қалыптасу кезеңінде әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін құрастыруға және жекелеген әлемді көп әлемге бейімдеуге, үйлестіруге бағытталған. Бұл мақсат негізінен орындалды.

Жаңа Әскери доктринаны қабылдауға бүгінде бірнеше ішкі және сыртқы жайлардың барлығы себеп болып тұр.

Қазақстанның геосаяттық қоршалды сапалы өзгерістерге ұшырауда. Ел қауіпсіздігіне жаңа қауіптер пайда болуда. Жекелеп айтсақ, айшақтағы тұрақсыздыққа экстремизмнің етек алуы. Әскери жанжалдардың кобейіп кетуі біздің шегарамызға тікелей жақын мемлекеттердің ядорлық қаруларының пайда болуы айтарлықтай фактор болып табылады.

Ел қауіпсіздігіне төнген осындай және басқадай қауіп-қатерлер шарапар бағалауды және тиісті шараларды қабылдауды талап етеді.

Сонымен қатар. Қазіргі уақытта қару-жаракты күрестің жабдықтары мен қазіргі замандағы әскери қақтығыстардың сипаты сапалы өзгерістерге ұшырауда. Осы жағдайларға байланысты Қазақстан Республикасы өзінің Қарулы Күштерін өзгерілген нақтылыққа икемдеуі қажет.

Жаңа Әскери доктринаның қабылдануына мемлекеттің демократиялық және құқықтық құрылымының жаңа кезеңінде қоғамдық өмірдің барлдық салаларында, оның ішінде әскери салада да ұлттық мүдделердің қалыстасуы қажеттілік алып келді.

Әскери доктрина Қазақстан Республикасы 1999-2005 арналған ұлттық қауіпсізгі қағидаларын нақтылайды және Қазақстан Республикасының мемлекеттік шегаралар шеңберіндегі әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, агрессия бола қалған жағдайда елді қорғауды ұйымдастыруға, сондай-ақ

одақтастық мемлекеттермен ұжымдық әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге іс-әрекетті келісіп жүзеге асыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы артакезектен тыс аралыққа есептелген, тек өзін қорғау сипатында ғана, әлемдегі және аймақтағы әскери-саяси жағдайдың, мемлекеттің экономикалық нақтылықтарын, қорлық мүмкіндіктерін кешенді бағалауға сүйенеді.

Әскери доктринаның құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының заңдары мен басқадай нормативті актілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мүше болып табыластын әскери қауіпсіздік саласын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық келісімдер құрайды.

Қазақстан Республикасының 1999-2005 жылдарға арналған Стратегиясының құранды бөлігі ретіндегі Әскери доктринаның ережелері Қазақстан Республикасы заңдарымен елдің қорғаныс және қауіпсіздік құрылысы міндеттері жүктелген міндеттер барлық құқық қорғау органдары мен ұйымдарының лауазымдық тұлғаларының мүлтіксіз, міндетті түрде атқаруға міндеттейді.

Қазақстан Республикасы Әскери доктринасының әскери-саяси негіздері:

- Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігіне негізгі қауіп-қатерлер таланады;
- Мемлекеттің соғыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін құрастырады;
- Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мазмұны атылады.

Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы саясаты.

Әскери доктринада аталғандай қазіргі замандағы геосаяси жағдай әлемдік қауымдастықта блоктық қараша-қарсылықтың аяқталуымен және халықаралық қатынастардың жаңа жүйесінің қалыптасуынан туындайтын принциптік өзгерістермен сипатталады.

Дүнпетүзілік соғыс ету қауіпі және ядролық және басқадай ауқымды қырып-доятын қару-жаракты пайдалану қауіпі төмендеді. Көпполярлы бейбітшілікті құру үрдісі сатылай дамып келеді. Қару-жарактарға бақылау жасау саласында да, әлемде тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту жолында да айтақаларлықтай ілгерілуге қол жеткізілді.

Сонымен қатар дүнпеді болып жататын бүкіл жер жарын қамтитын өзгерістерде бірқатар күрделі және қарама-қайшылық үрдістер орын ынтымақтастықты кеңейте түсуге, даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуге нақты шаралар қабылдауда, жаппай қарулануды шектеуге, ядролық қару-жарактың бақалауын болдырмауға шаралар қабылдауда, екіншіден – қауіпсіздікке қауіп және жаңа тәуелдік етулер пайда болуда, оның ішінде зор қауіп төндіретіндері әртүрлі әскери қақтығыстардың шығып кетуінің болып кетуі, экстремизмнің халықаралық лаңкестіктің тарауы, ұйымдасқан қылмыстардың қару-жарактардың, есірткі заттардың заңсыз айналымының орын алуы.

Осындай жағдайларда Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы саясаты төмендегідей көзқарастарға негізделеді:

- Кезкелген әскери қықтығыс мемлекет аралық және ішкі қайшылықтарды шешу құралы ретінде болуы мүмкін;
- Қазақстан Республикасының қаруланға қорғанысқа, өзіне, не оның одақтастарына агрессия бола қалған жағдайда жекелей және ұжымдық қорғануға құқығы бар.

Әскери доктринада Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуінде төмендегідей негізгі принциптерді басшылыққа алатыны көрсетілген:

- Егемендікті құрметтеу, мемлекеттік шекараларды, басқа мемлекеттердің аумақтық тұтастығын бұзылмауын құрметтеу және олардың ішкі істеріне араласпау;
- Барлық елдермен достық қатынастарды өзара пайданалық ынтымақтық және өзара түсінісушілік негізде құаттап отыру;
- Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді басқа елдердің және басқадай қауіпсіздік үшін залалсыз жүргізу;
- Аумақта әскери салада сенім және ашықтық тамаларын нығайту;
- Халықаралық дауларды бейбіт түрде реттеу;
- Қарулы Күштерді, басқадай әскерлерді және әскери құрылымдарды халықаралық құқықтарға және Ұлттық заңнамаларға сәйкес қолдану;
- Халықаралық міндетелерді сақтау, келісімдердің мақсаттарына жетуге Қазақстан Республикасы өзі Қатысушы болып атырып, ықпал, әсер жасау;
- әскери қақтыстарды болдырмауға бағытталған тиімді ғаламдық және қауіпсіздіктің кумақтық жүйесін құруға қатысу, бейбітшілікті орнату және қуаттап отыру;
- Қарулы Күштердің, басқа әскерлердің, әскери құрылымдардың құрылысының Қазақстан дамуының 2030 Стратегиясының саяси курсына сәйкестендіру;
- Жаппай қырып-жоятын қару-жарақтың таралуын болдырмауға бағытталған халықаралық режимдерді нығайтуға жан-жақты ықпал ету;
- Қару-жарақпен, әскери техникамен, әскери және екі жақты тағайындалған технологиялармен сауда жасаудың халықаралық нормаларын сақтау және осы саладағы халықаралық келісімдерді сақтау.

Қазақстан Республикасы әскери қауіпсіздікті аз қрашағында бар күштердің құрал-жабдықтардың, қорлардың барлық жиынтығымен мемлекеттің тиімді әскери ұйымына сүйене отырып, қамтамасыз етеді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы елдің әскери қауіпсіздігіне төнетіп қауіп-қатерді саяси-дипломатиялық және басқадай әскери емес мүмкіндіктерді пайдаланып, шектеуге, бейтараптауға үлкен мән береді.

Елді қаруланып қорғауды Қарулы Күштер, басқа да әскерлер, Қазақстан Республикасының әскери құрылымы жүзеге асырады. Агрессия бола қалған жағдайда елді қорғау Қазақстан Республикасын қаруланып қорғауды, мемлекеттің барлық әскери, экономикалық әлеуетін мобилизациялауды қажет етеді, азаматтық және аумақтық қорғанысты жүзеге асыруды талап етеді, одақтас-мемлекеттердің Қарулы күштермен бірлескен іс-қимылды қажет етеді. Қазақстан Республикасы әскери қақтығыстар болдырмау, халықаралық қауіпсіздікті және тұрақтылықты нығайту ісінде ынтымақтастық қызметте болады:

- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында – ұжымдық қауіпсіздік Келісім шеңберінде, сондай-ақ екіжақты және көп жақты негізде;
- Аймақтық деңгейде – Орталық Азия аймағының мемлекеттерімен, Азияда өзара іс-әрекеттестік жөніндегі және сенім шаралары бойыншағы Кеңеске қатысушы елдермен, сондай-ақ Шанхай бестігінің шеңберінде;
- Ғаламдық көлемде – халықаралық құқық нормалады негізінде Біріккен.

Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттермен Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігіне негізгі қауіп-қатерлер.

Доктринада Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігіне негізгі қауіп-қатерлердің классификациясы – сарапталынуы берілген.

Ортакезек күттірмес аралықта негізгі сыртқы қауіп-қатер ретінде қарастырылады:

- республика шекарасына тиіп тұрған бар жән әскери қақтығыстардың потенциалдық ошақтары;
- республика аумағына ұаруланған экстремистік топтардың, халықаралық лаңкестердің кіріп кету қауіпі;
- кейбір елдердің әскери күшінің шектеп тыс сандық және сапалық осуі, нәтижесінде аймақтық тұрақтылықтың әлсіреу қауіпі;
- жаппай қырып-жою, құралдарының таралу қауіпі, Азия аймағына қарулардың және жаңа әскери технологияның әкеліну жолдары, олардың лаңкестік топтардың қолына түсу мүмкіндігі.

Әскери қауіпсіздіктің ішкі қауіп-қатерлі болып:

- әскери-өнеркәсіп әлеуетінің жеткіліксіз дамығандығы, ел Қарулы Күштерінің техникамен жабдықталу мәселелеріндегі тәуелділік қару-жарақты, әскери техниканы жандеуді ұйымдастырудағы басқа мемлекеттерге тәуелділік;
- заңсыз қаруланған құрылымдардың, лаңкестік топтардың, бандылар құрылымдарының мемлекеттік және әскери объектілерге шабуылы;
- қару-жарақтардың, оқ-дәрілерінің, жарылғыш және басқадай заттардың заңсыз таратылуы;
- Қазақстан Республикасы аумағында диверсиялар мен лаңкестік актілерді жүзеге асыру үшін қаруланған құрылымдарының құрылуы;
- Мемлекет ішінде экстремизм мен сепаратизмнің таратылып, орын алуы.

Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету Әскери доктринада Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекет қызметінің басты да маңызды бағыты болып табылатыны ерекше аталынған.

Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекет төмендегідей міндеттерді шешеді.

Бейбітшілік уақытта:

- әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында бірыңғай мемлекеттік саясаттың қалыптасу механизмін жетілдіру және іске асыру;
- қауіп-қатер төндіруге сай парапар және ел экономикасының мүмкіндігіне сәйкес келтіріп қорғаныс әлеуетін, өз деігейінде ұстап тұру;
- Қарулы Күштерді, басқада әскерлерді, және әскери құрамдарды олардың дайындығын ішкі және сыртқы қауіп-қатерден қорғау және жолын кесу мақсатымен сапалы жетілдіру және жан-жақты қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының егемендігіне, аумақтық тұтастығына және басқадай өмірлік мүддесіне арандатушылық пен қол сұғушылық-қылыптарын айқындау және жолын кесу;
- Мемлекеттік органдарды, ұйымдарды, ел халқын қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін шешуге азаматтық және аумақтық қорғанысқа қатысуға жан-жақты дайындау;
- Экономикалық мобилизациялық дайындығын қамтамасыз ету;
- әскери инфрақұрылымдарды дамыту және жетілдіру;
- әскери қызметтің беделіп көтеру жөнінде, әскери қызметкерлердің, олардың отбасының әлеуметтік қорғалуына, сондай-ақ әскери қызметтен кеткендерге кешенді мемлекеттік шараларды жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының әскери тәуелсіздігін және қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды орындауға ел азаматтарының моральдық-психологиялық дайындығын қалыптастыру және қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу;
- Тапсырылған міндеттерді орындауға Қарулы Күштердің, басқа әскерлердің және әскери құрылымдардың дайындығына; сондай-ақ әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың өткізілуіне мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру.

Қауіп-қатер төнген және әскери қақтығыс басталған кезеңде:

- Дайындалып жатқан әскери шабуылдық немесе қауіп-қатер төндеріп тұрған жағдайды алдын-ала ашу және олардың шектелуіне шаралар қабылдау;
- Соғыс жағдайын уақытылы хабарлау елде немесе оның жекелеген аумақтарында төтенше және әскери жағдайды енгізу, Қарулы Күштердің стратегиялық;
- Агрессияға соққы беру немесе жолын кесуді (қарулы қақтығыстар) мемлекеттік органдардың ұйымдастыру қызметін үйлестіру;

- Уақыт күттірмей соғыс жағдайындағы нормативті құқықтық актілерді іске қосу, соғыс іс-қимылдарын дайындауға және жүргізуге шешім қабылдау және іске асыру;
- өте аз мерзімде ел экономикасын, көліктің және коммуникациялардың жұмысын соғыс жағдайы уақытына көшіру шараларын орындауды қамтамасыз ету;
- азаматтың және аумақтың қорғаныс шараларын ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- сыртқы агрессияға немесе әскери қақтығысты шектеуге мемлекет қарамағында бар күштермен, қарулармен және қорлармен тікелей тойтарыс беру.

Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге басшылық.

Доктрина мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдардың міндеттерін, мазмұны, басқару тәртібін айқындайды.

Елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басшылықты Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі және басқа мемлекеттік органдар Конституция негізінде және басқадай Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдардың әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі басқарушылық қызметі Қарулы Күштердің, басқа әскерлердің және әскери құрылымдардың жауынгерлік және мобилизациялық әзірлік жағдайына, олардың жан-жақты қамтамасыз етілуіне, экономиканы, аумақты және халықты елді қорғау мен қорғанысқа бағытталған кешенді шараларын қамтиды.

Әскери доктринаға сәйкес әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге басшылық қамтиды:

- Қарулы Күштердің, басқа әскерлердің және әскери құрылымдардың тиісті санын анықтайды құрылымын жасайды, әскерлердің талап деңгейіндегі жауынгерлік және мобилизациялық әзірлігін реттейді;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын сақтауды және қорғауды қамтамасыз ету, азаматтық және аумақтық қорғау шараларын дайындауды және жүзеге асыруды;
- Әскери техникалық саясатты, қару-жарақтар мен әскери техниканы дамыту бағдарламасын, әскери ғылымды дамыту бағдарламаларын іске асыруды;
- Экономиканың, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың мобилизациялық дайындық, олардың соғыс уақытында жұмысты жалғастыру шараларын жүзеге асыруды;
- Халықты, ел инфрақұрылымын қорғанысқа даярлауды;
- Мемлекеттік және мобилизациялық резервтерде материалдық қорлардың запасын;
- Қазақстан Республикасы азаматтан әскери қызметке дайындауды, соғыс уақытына мобилизациялық адам ресурстарын жинақтауды;
- Мемлекеттік органдардың соғыс жағдайындағы ұызметін үйлестіру;
- Бейбіт уақыттағы әскери қызметке байланысты қоршаған артаны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруды;

- Қарулы Күштерді, басқа әскерлерді, әскери құрылымдарды мемлекеттік инспекциялауды.

Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ***Қазақстан Республикасының Президенті – Қазақстан республикасының Қарулы Күштерінің Бас Қолбасшысы*** басқарады.

Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі қорғаныс және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі консультациялық – кеңесші орган болып табылады. Ол Қазақстан Республикасы Президентінің азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы шешімдерін әзірлеуді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкімет мемлекеттің қорғаныс қабілеттілігі және әскери қауіпсіздігі саласындағы саясатының негізгі бағыттарын жасайды, өзіне қарайтын атқарушы билік органдарының әскери қауіпсіздікті, ел экономикасының мобилизация дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің ұйымдастырады, Қарулы Күштердің, басқа әскерлердің, әскери құрылымдарды қару-жарақпен, әскери және арнаулы техникамен жабдықтауға, олардың қаржылық және материалдық қамтамасыз етілуіне, қорғаныс мүдделеріне сай ел аумағын оперативті жабдықтауға, азаматтық және аумақтық қорғанысты ұйымдастыруға жауапкершілікте болады.

Басқа мемлекеттік органдар, жергілік өкілдік Республикасының заңнамаларымен анықталған құқықтар, міндеттер, өкілеттіліктер шегінде әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі өздеріне жүктелген міндеттердің ұйымдастырылып, орындалуына бүкіл жауапкершілікте болады.

Бейбіт уақытта Қарулы Күштерге басшылықты Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Бас штабы арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі ел қорғанысымен, Қорғаныс Күштерді, басқа әскерлерді, әскери құрылымдарды құрылысын және дамыту тұжырымдамаларын жасаумен байланысты міндеттерді шешеді, мемлекетте бірыңғай әскери-техникалық саясат жүргізеді, дамытудың мемлекеттік бағдарламасын, мемлекеттік қорғаныс тапсырыстары, қорғаныс мұқтажының қоржылай қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді, Қарулы Күштердің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады, ел қорғанысы мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекетті ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Бас штабы бейбіт уақытта да, соғыс кезінде де мемлекеттің Қарулы Күштерінің басты басқару органы болып табылады, Қарулы Күштердің басқа әскерлердің, әскери құрылымдардың құрылыс, даму жоспарларын, олардың оперативтік, жауыгерлік және мобилизациялық дайындық доспарларын әзірлейді, Қарулы Күштердің, басқа әскерлердің және әскери құрылымдардың қолданылуының, өзара іс-әрекеттестігінің оперативті-стратегиялық жоспарлануын ұйымдастырып, жүзеге асырады, сондай-ақ қорғаныс мүдделелеріне сай ел аумағының оперативті әзірлігінің жоспарын жасайды.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес басқа әскерлер мен әскери құрылымдарға тікелей басшылықты және басқаруды тиісті қолбасшылар (бастықтар) жүзеге асырады.

Мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қауіп төндірілген аралықта және соғыс уақытында қамтамасыз етуге басшылық, мемлекеттік органдардың, әскери басшылық құру тәртібі мен жұмыс істеуі Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

2. ҚР қорғанысының және әскери қаруланып қарғануының негіздері.

Құжаттың бұл тарауында қаралады:

- қазіргі заманғы әскери қақтығыстардың сипаты, негізгі белгілері;
- мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қарулы Күштерді, басқа әскерлер мен әскери құралымдарды қолданудың негіздері;
- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының мақсаты, құрамы және міндеттері;
- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары құрылысының негізгі бағыттары қарастырылады.

Қазіргі заманғы әскери қақтығыстардың сипаты, негізгі белгілері:

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы әлемдік қоғамдастық күш-жігер-қайратының нәтижесінде кең ауқымды соғыстардың басталып кету қаупін төмендетуге қол жеткізілді, алайда саяси және басқадай түсінбеушіліктер мен қарама қайшылықтарды шешуді: соғыс қақтығыстарымен атқаруды толығымен болдырмауға кепілдіктердің болмай артырғанын есепке алады.

Қазіргі замандағы соғыс қақтығыстарының сипаттамасы олардың әскери-саяси мақсаттарымен, қолданылатын құрал-жабдықтардың түрлерімен, ауқымдылығымен анықталады.

Құжатта қазіргі замандағы соғыс қақтығыстарының негізгі кескіндері белгіленген:

- Жалпыартушылық кеңістіктік қарқын, тұтастық, соғыс іс-қимылдарында контактылықтық, соғыс іс-қимылдарында контактылықсыз және дәстүрлік емес формалар мен тәсілдері пайдалану арқылы алыстағы атыстардың алдына шығып кету, электрондық басып, жаншу, майдан мен тыл арасындағы айырмашылықтардың төмендеуі;
- соғысқа қалыпсыз әскердің, ал кейде заңсыз қаруланған құралымдардың қатысуы;
- қазіргі жарақтарды және әскери техниканы пайдалану;
- тікелей емес стратегиялық іс-әрекеттерді кеңінен пайдалану (саяси және психологиялық қысым, экономикалық санкциялар, ақпараттық күрес көлік коммуникацияларын қоршауға алу, күш көрсету және т.б.);
- мемлекеттік және әскери басқару жүйесіне іріткі салу;
- әскерлер мен қару-жақты басқару жүйесін қатардан шығарып тастау;

- негізінен энергетика кәсіпорындарын, қауіпті өндірістерді, коммуникацияларды, инфрақұрылымдар мен өмірді қамтамасыз ету объектілерін жеңіліске ұшырату.

Бұдан әрі құжатта әскери қақтығыстардың (Қақтығыстар) масштабы, қарқындылығы, ұзақтылығы және басқадай белгілері бойынша ерекшеленуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының мүмкін әболатын соғыс қақтығысына потенциалды потенциалды тартылуының үш түрі жобаланады:

Жоғары қарқындылықты қақтығыс - әскери және экономикалық жағынан қуатты, күшті мемлекеттердің, қатынасуымен болатын соғыс қақтығысы (мемлекеттердің ауақтары, коалициялары).

Ядролық мемлекеттердің қатысуымен болатын қақтығыста олардың ядролық қаруды пайдалану қауіпі тұрақты түрде сақталып тұрады. Шектелген ядролық соққы берумен болса да, оның ядролық соғысқа трансформациялануы адамдардың үлкен шығынын, экономикалық және мәдени орталықтардың ірі күйреулерін, өте үлкен аумақты уландыруды алып келіп, аймақтың көпшілік елдеріне экологиялық апатты тудырады.

Орта қарқындылықты қақтығыс - қуатты экономикалық және әскери әлеуеті жоқ мемлекеттер арасындағы әскери қақтығыс. Орта қарқындылықты қақтығыстағы әскери, соғыс іс-әрекеттері қарама-қарсы тұрған жақтардың жектеулі күштер мен құралдарды пайдалануымен, жоғары дәлдік қару-жарақты, радиоэлектрондық күрес құралдарын және басқадай қазіргі замандағы қару-жарақ мен әскери техника түрлерін белсенді пайдаланумен жүргізілетін ошақты ұрыс қимылдармен, соғыс іс-қимылдарының қақтығушы мемлекеттердің шекараларында жүргізілуімен және олардың барлық аумағындағы әскерлерді, тыл, экономика және коммуникациялардың объектілерін қырып жоюмен сипатталады.

Төменгі қарқындылықтағы қақтығыс – соғыс жағдайына ауыспай әртүрлі қарама-қайшылықты қарулы күрес құралдарымен шешуге талпыныс жасауының салдарынан болатын қаруланған қақтығыс. Әдетте мұндай қақтығыстар шекара мақұндағы қарулы дау-жанжалдардың, нәтижесінде, сырттан қаруланған құрылымдар мен топтардың кіріп кетуінен, ел ішінде заңсыз құралымдардың, лаңкестік ұйымдардың іс-әрекеттеріне байланысты болады.

Төменгі қарқындылықтағы қақтығыс – қарама-қарсы жақтардың әртүрлі күштермен құралдарды пайдалануымен (шектелген әскери контингенттер, қылыпсыз әскерлер мен басқадай құралымдар), диверсиялық және лаңкестік іс-қимылдарды жүргізумен, қазіргі замандағы қару-жарақтың және әскери техниканың түрлерін кеңінен пайдалануға дайын тұруымен сипатталады.

Мұндай қақтығыстар, әдетте, тез болып өтетіндік, шектеулі сипатқа не болады. Қазіргі уақытта осы сипаттағы пайда болуы әбден ықтимал.

Мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды пайдалану негіздері.

Әскери доктринаға сәйкес, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа әскерлер мен әскери құралымдар соғыс қауіп-қатерін шектеу жөніндегі міндеттерді орындауға тұрақты жауынгерлік дайындыққа болуы керек.

Қазақстан Республикасына қарсы төменгі қарқындылықтағы қақтығыс ішкі саясатты тұрақсыздандыру, мемлекеттік органдардың қызметіне іріткі салу, шиеленісушілік ошақтарын құру, халықтар арасында, дәни қапшылықтарды арандату, мемлекетті саяси қымыраға келтіру, экстремистік идеяларды тарату мақсатымен болып кетуі мүмкін.

Төменгі қарқындылықтағы қақтығыс пайда болғанда Қазақстан Республикасының мақсаты - шиеленісушілік ошағының ірі масштабы соғыс іс-қимылдарына асіп кетуін болдырмау, қақтығысты мемлекет үшін ең аз залалмен шешу.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа әскерлер мен әскери құралымдары төменгі қарқындылықтағы қақтығыстарда, әдетте, шиеленісушілік ошағын шектеу үшін және әскери іс-қимылдарын негұрлым бастапқы сатыда аяқтау, сойтіп оларды бейбітшілік құралдарымен реттеуге жағдайлар жасау мақсатымен қолданысқа түседі.

Осы міндеттерді орындау үшін Қарулы Күштердің тұрақты жауынгерлік дайындықтағы қосылыстары мен бөлімдері тартылады. Қажеттілік болған жағдайда олар басқа әскерлер мен әскери құрылымдармен күшейтілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда әскери топтарға басшылықты бірыңғай (жалпы әскерлік) қолбасшылық жүзеге асырады.

Шекарадағы жанжал, әдетте, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің күштері мен құралдарының Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қосылыстарымен, бөлімдерімен өзара-қимылы арқылы шешіледі.

Сыртқы күштердің Қазақстан Республикасының ішкі істеріне қол сұғуына сылтау ретінде азғырып айдап салуына ішкі қаруланған қақтығыстың пайда болу мүмкін де жоққа шығаруға болмайды. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін, басқа әскерлерді мен әскери құралымдарды осындай қақтығысты шектеу және жою үшін пайдалануды жүзеге асыру жағдайды қалыпқа түсіру, заңдылық пен құқықтық тәртіпті орнына келтіру, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халыққа тиісті көмек көрсету, қақтығысты бейбіт шараларымен шешу үшін жағдайлар жасау мақсатымен Қазақстан Республикасына қатаң сәйкестікпен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасына қарсы орта қарқындылықтағы қақтығыс оның экономикалық және қорғаныстық әлеуетін бұзып тастау, мемлекетті басып алу, айтарлықтай саяси, аумақтық, экономикалық және басқадай ымыраға келтіру мақсатымен ашылып кетуі мүмкін.

Мұндай қақтығыс мемлекет үшін қауіп төндіреді, оның экономикалық және қорғаныс әлеуетіне айтарлықтай залал келтіреді.

Қазақстан Республикасының орта қарқындылықтағы қақтығыстағы мақсаты - агрессияның кесіледі түрде жолын кесу болып табылады, оның ішінде одақтас мемлекеттердің Қарулы Күштермен бірлесіп соғыс іс-әрекеттегі ауданды шектеу, әрі бар қарама-қайшылықтарды – бейбіт жолмен реттеуге шаралар қолдану болады.

Орта қарқындылықтағы қақтығысқа қатысу Қазақстан Республикасының барлық аумағында немесе оның жекелеген облыстарында әскери жағдайды кіргізуді және жарым-жарты немесе жалпылай мобилизацияны жариялауды, мемлекеттің барлық немесе қорғаныс және әскери-экономикалық елеуінің айтарлықтай бөлігін пайдалануды талап етуін мүмкін.

Орта қарқындылықтағы қақтығыстағы соғыс іс-әрекеттері оның масштабының және қатысушы мемлекеттердің кеңініне қарай, айтарлықтай әскери топтардың (күштердің) қосымша тартылуы өзінің сипаты мен мазмұнына қарай жоғары қарқындылықтағы қақтығысқа және соғыс іс-әрекетіне жақындауы мүмкін.

Орта қарқындылықтағы қақтығыстағы Қазақстан Республикасының мақсаты мен міндеттеріне Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа әскерлерді және құралымдарды жүйелі түрде операциялар және жауынгерлік іс-қимылдар жүргізу, жекелеген жағдайларда – қалыпсыз құрылымдарды пайдаланумен қажет бола қалғанда – одақтас мемлекеттердің коалициялық әскери топтарының (күштерінің) қатысуымен қол жеткізуге болады.

Қазақстан Республикасы, оның Қарулы Күштері орта қарқындылықтағы қақтығыста әскери іс-әрекеттер жүргізуге дайын болуы керек, кенеттен шабуыл жасатпауға, қауіп төндірілген аралықты агрессияға соққы беруге дайындық үшін, Қарулы Күштердің және одақтас мемлекеттердің коалициялық әскери топтарының (күштерінің) стратегиялық кең түрге келтірілуін жүзеге асыру үшін жағдайлар жасауға, ел экономикасының кешенін уақытылы бейбіт ахуалдан соғыс жағдайына көшіруді, мемлекеттік шекараны жабуды ммаңызды мемлекеттік және әскери объектілерді қорғауды күшейтуге, психологиялық күрестің күштері мен мүмкіндіктері кеңінен пайдалануға, халыққа және әскерлердің жеке құрамдарына жаудың ақпараттық-психологиялық ықпалына қарсы әсер етуге мақсатты бағытта пайдалану болып табылады.

Қазақстан Республикасына қарсы жоғары қарқындылықтағы қақтығыс радикалдық әскери-саяси мақсаттармен туып кетуі мүмкін, елде саяси өкіметтің ауысуы, мемлекеттік және әскери басқару жүйесіне іріткі салу, аумақтың айтарлықтай бөлігін күтпен тартып алу, мемлекеттің қорғаныс әлеуетін толығымен жойып жіберу мақсаттарымен ашылуы да орын алуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлердің және әскери құрылымдардың мақсаты, құрамы және міндеттері:

Құжатқа сәйкес Қарулы Күштердің, басқа әскерлер мен әскери құралымдардың басты мақсаты елді сыртқы агрессиядан және басқадай әскери қауіп-қатерден қорғау болып табылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттерінен туындайтын міндеттерін орындау.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрамына әскери басқару органдары, Қарулы Күштердің түрлері, арнаулы әскерлер, тыл, әскери-оқу орындары, әскери-ғылыми мекемелер кіреді.

Соғыс кезінде Қарулы Күштердің құрамына Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері, Ұлттық қауіпсіздік Комитетінің Шекаралық қызметі және басқа

әскерлері, Республикалық ұлан, азаматтық және аумақтық қорғаныс органдарының басқаруы мен құрылымдары кіреді.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне бейбіт уақытта төмендегі негізгі міндеттерді орындау жүктеледі:

- жауынгерлік әлеуетті, жауынгерлік және жұмылдыру даярлығын басқару органдары мен әскерлерді бейбіт уақыт штаттарында өз деңгейіде дайындау, сойтіп төменгі қарқындылықтағы қақтығыстарды шектеу, жолын кесуді, мемлекет шекарасындағы немесе Қазақстан Республикасының аумағының шектеріндегі құқыққа қарсы қарулы зарлық зомбылықтардың қой түріне болмасын соққы беруді қамтамасыз етуді ұстау;
- маңызды әскери объектілерді күзетіп, қорғау;
- елдің кез келген ауданындағы жағдайды тұрақтандыру үшін батыл іс-қимылға дайындықты көрсету;
- орта және жоғары қарқындылықтағы қақтығыстарда бола қалған жағдайда Қарулы Күштердің стратегиялық қанат жоюға даярлығын қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттеріне сәйкес бейбітшілік және басқадай операцияларға қатысу.

Қарулы Күштердің Қазақстан Республикасының осы міндеттерді шешуі Қазақстан Республикасының басқа әскерлерімен және әскери құралымдарымен тығыз өзара іс-әрекеттестікте, жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда Ұлттық қауіпсіздік Комитетінің Шекаралық қызметіне мемлекеттік шекараларды жерде, теңізде, көлдерде және басқа су аймақтарында күзету, қорғау, сондай-ақ лаңкестікпен, қару-жарақты, есірткі заттардың контрабандыланумен күреске қатысуы жүктеледі. Ішкі істер министрлігінің Ішкі іскерлеріне – маңызды мемлекеттік объектілерді күзету, аса қауіпті құқық бұзушылықтардың, диверсиялардың және лаңкестік актілердің жолын кесу, заңсыз қаруланған құрылымдармен күрес жүктеледі.

Мүмкін болатын ішкі қақтығыстарды және басқадай Қазақстан Республикасы аумағындағы қаруланған күрес жолын пайдаланатын іс-әрекеттердің алдын алу және жолын кесу мақсатымен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне төмендегі міндеттер жүктеледі:

- қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету және қақтығыс ауданындағы төтенше жағдайдың құқықтық режимін ұстау;
- қақтығыс ауданын шектеу және қоршауға алу;
- қаруланған қақтығыстардың жолын кесу және қарама-қарсы күрес жақтары ажираып тастау;
- заңсыз қаруланған құралымдарды қарусандыруға және жоюға, қақтығыс ауданындағы халықтан қару-жарақты алып алу үшін шаралар жүргізеді;
- қақтығыс ауданына іргелес жатқан аудандағы қоғамдық тәртіпті сақтауды күшейту және Қазақстан Республикасының заңалаиаларында қарастырылған басқада міндеттерді шешу.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің, басқа әскерлерінің және әскери құрылымдарының негізгі бағыттары.

Әскери доктринада әрі қарай, Қазақстан Республикасындағы әскери құрылыстың басты мақсаты мемлекеттің өмірлік маңызды ұлттық мүдделерін бар және потенциалдық соғыс қауіп-қатерінен қорғауды қамтамасыз етуге қабілетті, жақсы жабдықталған жоғарымобильдік Қарулы Күштерді құру болып табылады.

Осыған байланысты құжатқа сай Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының құрылысының негізгі принциптері төмендегідей болады:

- Қарулы Күштердің, басқа әскерлермен әскери құрылымдардың қызметіне дара басшылық принципі және әскерлерді басқаруды орталықтандырумен қиюласқан тиімді азаматтық бақылауды жетілдіру;
- әскерлердің (күштердің) ұйымдастыру құрылымы, жауынгерлік құрамы мен санының неғұрлым мүмкін болатын қауіп-қатерге, оларға жүктелетін міндеттерге, сондай-ақ мемлекеттің экономикалық мүмкіншіліктерге сәйкестігі;
- мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатын деңге жауынгерлік және мобилизациялық дайындықты ұстау;
- соғыс қауіпі арты түскен кезде жауынгерлік қуаттылықты парапар күшейтуге қабілеттілік, мобилизациялық резервті уақытылы дайындау;
- жалпы азаматтық құқықтар мен бостандықты сақтау, әскери қызметтің ерекшілігіне сәйкес әскерлердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуі;
- әскери құрылыстың бейбіт тәжірибесін есепке алу.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің, басқа әскерлер мен әскери құралымдардың құрылысы мен дамуы мемлекеттік бағдарламалар мен жоспарларға сәйкес жүзеге асырылады.

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі тек қорғанысқа бағыттылған қызметін айқындайды, Қазақстан Республикасының қандай болмасын мемлекетаралық қарама-қайшылықтарды саяси жолмен шешуге принципіалды жолды ұстаушылығын растайды.

Әскери доктрина Қазақстан Республикасының 1999-2005 жылдырға арналған ұлттық қауіпсіздігін Стратегиясының құрамды бөлігі ретінде ел дамуына, аймақтық жағдайдың өзгеруіне және халықаралық қауіпсіздік жүйесінің дамуына қарай жетілдіріліп отырады.

Әскери құрылысқа көзқарастар мен әдістемелер елді қорғанысқа дайындау, Қарулы Күштерді, басқа әскерлер мен әскери құрылымдарды пайдалану, жағы да басқа Қазақстан Республикасының Әскери доктринасында мазмұндалған жайлар мен қағидалар әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету

мәселелері жөніндегі заң актілерінде және басқадай нормативтік құқықтық құжаттарда нақтыландырылады.

Әскери барлық мемлекет органдарының және әскери басқарудың, ұйымдардың, бірлестіктердің және азаматтардың Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған үйлестірілген қызметімен іске асырылады.

Қазақстан Республикасы Әскери доктринаның барлық негізгі ережелерін жүйелі түрде орындап отырады, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын және халықаралық құқық принциптерін қатаң мүлтіксіз сақтайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Бәрімбек Бейсенов атындағы
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

Әскери және тактика - арнайы даярлық кафедрасы

ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ пәні бойынша
1 курс курсанттары арналған

Дәріс

**Тақырып № 2. Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің
мотоатқыш әскерлер бөлімдерінің қарулануы мен
ұйымдастырылуы.**

Дайындаған: Әскери және тактика-арнайы даярлық кафедрасының оқытушысы
Утеубаев Т.Д.

ПӘС талқыланып, кафедра мәжілісінде бекітілді 2020 жылғы «09» маусым №
19 хаттама

Әскери және тактика-арнайы даярлық кафедрасының бастығы
полиция полковнигі Токтабеков С.Ж.

Оқу-тәрбиелік мақсаттары:

1. Курсанттар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ұйымдастырылуымен және қарулану түрлерімен таныстыру.
2. Курсанттар атқыштар батальонның, ротасының, взводының ұрыс кезіндегі іс әрекеттерін мен таныстыру.

Уақыт - 2 сағ.

Орны – дәріс залы.

Материалдық қамтамасыз ету плакаттар, схемалар, слайдтар.

Дәріс жоспары:

1. ҚР ҚК басқарылу және қарулану түрлері.
2. Атқыштар батальонының, ротасының, взводының қарулануы және ұйымдасуы.

Әдебиеттер:

1. 1995жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. « Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 11 қазандағы № 161 Жарлығы
3. «Қазақстан - 2050» Стратегиясы – Қазақстан мемлекетінің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 15 желтоқсан Егемен Қазақстан № 828-231(27902)
4. « Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 06 қаңтардағы №380 Заңы.//ЖК
5. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995жылғы 21 желтоқсандағы № 2707Заңы.//ЖК
6. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы. "Егемен Қазақстан" 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 18-19 (27090).
7. «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары патрульді-бекеттік қызметінің қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 5 шілдедегі N 475 бұйрығы.
8. Боевой Устав Сухопутных войск, часть П-Ш, Алматы, 2001.
9. Оборонительная достаточность и безопасность. М.,1990
10. Андрусенко Н.М. Мотострелковый взвод в бою. М., 1989
11. Беркутов С.Н. Вооруженные Силы основных капиталистических государств. Воениздат, 1988
12. Карашев В.М. Проблемы современной военной политики. М., 1989
13. Коневский Б.М. Проблемы современной военной политики. М., 1989
14. Кереев А.К. Учебное пособие «Боевые действия взвода» МВШМ. 1980
15. Поповских П.Я. и др. Подготовка войскового разведчика. Учебное пособие. М. Воениздат, 1991
16. Теплов Б.М. Ум полководца. М., 1990
17. Военная символика (сост. В.Н. Соколов) М., 1997
18. Учебное пособие «Подготовка офицеров запаса сухопутных войск» М., 1989

Кіріспе

Егемен мемлекет – Қазақстан Республикасы демократиялық құрылыс міндеттерін жүзеге асыра отырып, шиеленісті бәсеңдетуге және ТМД өңірлерінде соғыс болғызбауға бағытталған бейбітшіл саясатты дәйекті түрде жүргізіп келеді. Сонымен қатар ол елдің қорғанысы мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік қуатын одан әрі нығайту, ТМД халықтарының достығы мен Қарулы Күштерінің жауынгерлік ынтымақтастығын дамыту үшін қажетті шаралар қолданып отырады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері еліміздің қоғамдық құрылысын, аумақтық тұтастығы мен тәуелсіздігін қарумен қорғау үшін арнайы құрылған мемлекеттік механизмнің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасының қоғамдық және мемлекеттік құрылысындағы тұбегейлі өзгерістер армияның қоғамымыз бен мемлекетіміздегі орны туралы мәселені жаңаша тұрғыда қойып отыр. Армия сыртқы саясатты да, ішкі саясатты анықтай алмайды. Армия – мемлекеттің жоғары заң шығарушы және атқарушы органдары белгілейтін саясатты жүзеге асыру құралы. Қазақстан Республикасының негізгі заңы – Конституцияда Қазақстан Республикасының егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғауды оның Қарулы Күштері жүзеге асырады деп белгіленген.

Президент бастаған ел басшылығы мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі алдымен тәуелсіз егемен Қазақстан Республикасының құрылуымен байланысты жаңа тарихи жағдайларды ескеретін әскери құрылыс қозқарасын дамыта отырып және барлық мемлекеттермен бейбіт қатар өмір сүру саясатын жүргізе асыра отырып, мемлекеттің қорғаныс қабілетін қарулы агрессиялардан қорғау үшін қажетті жеткіліктілік деңгейінде ұстау үшін мүмкін болғанның бәрін жасап отыр.

Отанымызды қорғау ісі – Қазақстан Республикасының бүкіл халқының ісі. «Қазақстан Республикасының қорғанысы мен Қарулы күштері туралы» Заңда Отанды қорғау және Республика Қарулы Күштерінде қызмет ету Қазақстан Республикасы азаматтарының халық пен мемлекет алдындағы Конституциялық міндетті мен парызы болып табылады деп көрсетілген. Республика Конституциясының 124-бабында Қазақстан Республикасының егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғауды оның Қарулы Күштері жүзеге асырады деп атап көрсетілген.

Қарулы Күштерді құралдағы қол жеткен табыстар және ғылым мен техникадағы жетістіктер армия мен флотты нағыз осы заманғы қарумен және әскери техникамен жарақтауға мүмкіндік береді.

Агрессияшыл күштер соғыс бастағандай болса, қазіргі заманғы соғыс Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлеріне ерекше биік талаптар қояды. Қазіргі заманғы шайқаста өз Отаны мен демократиялық идеяларға, өз халқына шексіз берілген, жоғары моральдық-саяси және жауынгерлік қасиеттерге ие, өз ісінің дүріс екеніне кәміл сенімді, қару мен техниканы шебер меңгерген, тәртіпті және дене күші шыныққан жауынгер ғана жеңіп шығады.

Қазіргі уақытта, армия мен флоттың жаңа қарумен және техникамен жарақтауына байланысты жас жауынгерлерді оқыту мен тәрбиелеу міндеті едәуір күрделіленді. Қысқа мерзім ішінде қазіргі қаруды меңгеру, өзінің

тәуелсіз демократиялық Отанынды лайықты қорғаушы болу – күрделі іс; сондықтан әрбір жасөспірім мектеп қабырғасынан бастап өзін әскери қызметке дайындауға, өз Отаны – Қазақстан Республикасы мен оның халқы алдындағы азаматтық жауапкершілігін кәміл ұғынуға тиіс. Орта оқу орындарында бастауыш әскери дайындық курсы менгеру жастарға Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында қызмет етуге дайындалуына көмектеседі.

Жастардың бастауыш әскери дайындығы Қазақстан Республикасының «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік пен әскери қызмет туралы» Заңы негізінде Үкімет шешімі бойынша жүргізіледі. Оның бағдарламасы шақырылған жастардың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қазіргі заманғы қару мен әскери техниканы қысқа мерзімде меңгере алуы үшін жас сарбазды дайындау көлемінде әскери істі оқып-үйренуін көздейді.

Бастауыш әскери дайындық жастарды қазақстандық патриотизм мен интернационализм, демократиялық қоғам ісіне шексіз берілгендік, Отанға және Қарулы Күштерге деген сүйіспеншілік, әскери борышты мүлтіксіз орындауға әзірлік рухында тәрбиелеуге бағытталған.

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің басқару түрлері.

Әуе қорғанысы күштері (ӘҚК) қарсыластың ядролық құралдарын жоюға, оның авиациялық топтамаларын талқандауға, сондай-ақ ӘТФ-ты авиациялық қолдануға, әуе тасымалдарына, әуеден барлау жүргізуге, әскерлерді десанттауға, байланыс пен басқаруды қамтамасыз етуге арналған.

Әуе шабуылынан қорғаныс әскерлері ӘҚК құрамына кіреді және әуедегі қарсыласты тойтаруға, халықты, мелекеттің әкімшілік-саяси және экономикалық орталықтарын, Қарулы Күштер топтамаларын, басқа да маңызды объектілерді қорғауға арналған.

Оларға зенит-ракета әскерлері, әуе шабуылынан қорғаныс авиациясы, радиотехникалық әскерлер қамтылады.

Арнайы әскерлер Қарулы Күштердің жауынгерлік және күнделекті қамтамасыз ету жөніндегі арнайы міндеттерді орындауға арналған.

Оларға инженерлік әскерлер: байланыс әскерлері, химиялық (радиациялық, химиялық, биологиялық қорғаныш), радиотехникалық, автомобиль, теміржол, радиоэлектрондық күрес (РЭК), топогеодезиялық бөлімшелер, трубақұбыр бөлімдері және т.б. қамтылады.

Қорғаныс министрлігіне кірмейтін әскерлер: мемлекеттік шекараны күзету күштері мен ішкі әскерлер.

Мемлекеттік шекараны күзету күштері Қазақстан Республикасының құрлықтағы және теңіздегі шекараларын күзетуге арналған. Мемлекеттік шекараны күзететін қазіргі күштер жауды шекарада жоюға үнемі әзірлікте болады, шекарадан ешкімнің де білдірмей өтпеуін қырағы қадағалайды. Шетелдік барлаулардың тіміскі әрекеттерін тойтарып, шекара бұзушыларды ұстап мемлекеттік шекараны күзету күштері Қазақстан Республикасының саяси, әскери және экономикалық мүдделерінің қарғалуын қамтамасыз етеді.

Ішкі әскерлер мемлекеттік объектілерді күзету жөніндегі міндеттерді және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне жүктелген басқа да қызметтік жауынгерлік міндеттерді орындауға арналған.

Әскери бөлімдер.

Полк – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері мен әскер түрлеріндегі негізгі тактикалық және әкімшілік бірлік.

Бөлімшелер

Құрлықтағы әскерлер	Артиллерия	ӘТФ	авиация
Батальон Рота Взвод Бөлімше, экипаж	Дивизион Батарея Взвод Есептоп	Дивизион Жауынгерлік Бөлім - -	- эскадрилья звено экипаж

Құрамалар мен бірлестіктер.

Бригада (итал. «қоғам», «жасақ») – құрамы жөнінен дивизиядан кіші тактикалық құрама.

Дивизия – (итал. «болу», «бөліну») – тактикалық құрама.

Корпус – (итал. «дене», «тұтас бүтін») – жоғары тактикалық, оперативтік-тактикалық құрама.

Армия – (итал. *Қаруландыру*) – бірнеше құрамалар мен жеке бөлімдерден тұратын оперативтік бірлестік.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ұйымын құрайтындар: Жоғарғы бас қолбасшы; Қорғаныс министрлігі; Бас штаб; Әскер бөлімдері, бөлімшелері, әскери мекемелер.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы бас қолбасшысы Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады; оған әскери доктринаны, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскер жасақтамаларының санын, әскери құрылысының, республика аумағын оперативті жабдықтаудың негізгі бағыттарын, қару мен әскери техниканы дамытудың ұзақ мерзімдік бағдарламаларын, әскери анттың мәтінін, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери жасақтамаларының жарғыларын, тулары мен жалауларын, киімнің әскери нысаны мен айырым белгілерін бекіту құқығы берілген.

Президентке Қазақстан Республикасына агрессия жасалған немесе оның қауіпсіздігіне тікелей сырттан қатер төнген жағдайда республиканың бүкіл аумағында немесе оның кейбір жерлерінде соғыс жағдайын енгізу, ішінара не жалпы жұмылдару жариялау, сондай-ақ Қарулы Күштердің жоғары басшылығын лауазымдарға тағайындау және лауазымдарынан босату, жоғары әскери атақтар беру құқығы берілген.

Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін басқаратын орталық орган болып табылады. Қорғаныс министрлігі олардың дамуы үшін және мемлекетті қорғау жөніндегі міндеттерді атқаруға дайындығы үшін толық жауапты болады.

Қорғаныс министрлігінің Қарулы Күштер түрлерінің, әскер түрлері мен арнайы әскерлердің оперативтік мақсаттары мен міндеттерін, олардың Қазақстан Республикасының басқа әскерлерімен және әскери жасақтамаларымен, сондай-ақ халықаралық келісімдер негізінде басқа мемлекеттердің Қарулы Күштерімен өзара іс-қимылда қолданылуын анықтауға құқығы бар. Оның сондай-ақ әскери қызметшілерге болсын, Қазақстан

Республикасы Қарулы Күштерінің азаматтық персоналына болсын әлеуметтік және құқықтық кепілдіктердің қамтамасыз етілуі, патриоттық тәрбие мәселелерімен де шұғылдануға, Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілерінің, жұмысшылары мен қызметшілерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануға құқығы бар.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы бейбіт уақытта басқа әскерлер мен әскер жасақтамалары штабтарымен бірге бірлескен іс-қимылдың нұсқаларын жоспарлайды және өзара іс-қимылды ұйымдастырады.

Соғыс уақытында республиканың барлық әскери құрылымдары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бағынысына өтеді. Бөлімдер мен бөлімшелерге басшылық және ұрыстық қолдану Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы талдап-белгілейтін жоспарлар бойынша жүзеге асырылады.

Әскер түрлері – ұрыс қимылдарын тікелей жүргізуге арналған, белгілі бір ұрыс құралдарына ие және өздеріне тән жауынгерлік мақсаты, ұрыс техникасы, қаруы, тактикасы мен ұйымы бар әскерлер.

Арнайы әскерлер – Қарулы Күштердің жауынгерлік және күнбе-күнгі қызметін қамтамасыз ету жөніндегі арнайы міндеттерді орындауға арналған әскер бөлімдері мен бөлімшелері.

Әскери бөлім – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің барлық түрлеріндегі өз алдына ұйымдық, жауынгерлік, саптық және әкімшілік-шаруашылық бірлігі. Аталымы, елтаңбалық мөрі, Жауынгерлік Туы (ӨТФ-те - Әскери-теңіз жлауы) болады.

Әскер бөлімі - әскери бөлімнің және ҚК мекемесінің шартты цифрлық аталымы.

Бөлімше - әдетте тұрақты ұйымы, қаруы мен құрамы болатын әскер жасақтамасы. ҚК-нің әрбір түрінде және әсер түрінде болады, басқа бөлімшелер мен бөлімдерге кіреді.

Мотоатқыш бөлімше – ең төменгі (бастауыш) тактикалық бөлімше, ұйымдық жағынан ол ЖҰМ (БТР)-дағы мотоатқыш взводтың құрамына кіреді. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде мотоатқыш бөлімше жаяу әскер ұрыс машинасымен (ЖҰМ) немесе бронетранспортермен қарулануы мүмкін.

ЖҰМ (БТР)-дағы мотоатқыш бөлімшенің міндеті мен ұйымдастырылуы, оның шіпаттық қару-жарағы мен ұрыс техникасы. Мотоатқыш бөлімшенің ұрыстық негізгі түрлеріндегі жауынгерлік міндеттері мен мүмкіндіктері.

ЖҰМ-дағы мотоатқыш бөлімшенің құрамында бөлімше командирі (К), көздеуші-оператор (КО), механик-жүргізуші (МЖ), пулеметші (П), атқыш-көмекшісі (ГК), аға атқыш (АА) және атқыш (А) болады.

Бөлімшенің қаруында ЖҰМ, Калашниковтың қол пулеметі (ҚҚП), танкке қарсы қол гранататқыш (ТҚГ-7), Калашников автоматтары (КА), жарықшақты қол гранаттары (ҚГ) және танкке қарсы кумулятивтік қол гранаттары (ҚҚГ-3) болады.

Бөлімшеге қару етуп берілетін Калашников автоматтары мен пулеметтері тактикалық-техникалық сипаттамалары бойынша шетелдік армиялардың атқыш қару үлгілерінен негізінен басым түседі.

ЖҰМ – бөлімшенің жеке құрамының жүруі мен ұрыс жүргізуіне арналған сауытты шынжыр табанды машина (5 сурет), 30 мм автоматты зеңбірек және онымен қосақталған танктік Калашников пулеметі (ТКП) орнатылған. Машина шапшаң жылдамдықпен жүреді, субөгеттерінен, жолсыз жерден, батпақ пен күртік қардан бөгелмей өте береді. Атомға қарсы қорғаныш жүйесімен және түнде көру құралдарымен жарақтанған.

Бөлімшенің қару-жарағында БТР, Қалашниковтың қол пулеметі, танкке қарсы қол гранататқыш, Калашников автоматтары, Драгуновтың мерген винтовкасы (ДМВ), танкке қарсы жарықшақты және кумулятивтік қол гранаттары болады.

БТР – көбіне бөлімшенің жеке құрамын ұрыс даласына тасымалдауға және ұрыста атыспен қолдауға арналған ұрыстық дөңгелекті машина. БТР-де Владимировтың ірі калибрлі пулеметі және Калашниковтың танктік пулеметі орнатылған,

Жауынгерлік мүмкіндіктер дегеніміз бөлімшелер мен бөлімдердің қалыптасқан нақты жағдайда шартты уақыт ішінде белгілі бір міндеттерді орындау мүмкіндігін сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер.

Олар жеке құрамның санына, оның жауынгерлік дайындығының деңгейі мен саяси-моральдық жағдайына, қаруы мен техникасының болуы мен олардың жағдайына, машықтану дәрежесіне және командирлердің бөлімдер мен бөлімшелерді басқара білуіне, бөлімшелер мен бөлімдердің ұйымдық құрылымына, олардың материалдық құралдармен қамтамасыз етілгендігіне байланысты. Жауынгерлік мүмкіндіктерге қарсыластың қарсы қимылының сипаты, жергілікті жердің, ауа райының жағдайы, тәуліктің мезгілі едәуір ықпал жасайды.

Мотоатқыш бөлімшенің жауынгерлік мүмкіндіктері оның атыстық және маневрлік мүмкіндіктерімен сипатталады.

Әр алуан қару-жарағы бар бөлімше қарсыластың танктері мен сауытты машиналарына, төмен ұшқан ұшақтары мен тікұшақтарына қарсы ойдағыдай ұрыс жүргізіп, оның атыс құралдары мен адам күшін жоя алады. Ол шабуылда қарсыластың 1-2 танкін, бронетранспортері мен сарбаздар тобын (шабуыл объекті), қорғаныста 2-3 танкін, 1-2 бронетранспортері мен 12-15 сарбазын жою алады.

Шабуылда бөлімшенің маневрлік мүмкіндіктері шабуылдың қарқынымен, қорғаныста белгісі бір уақыт ішінде бекіністі ауыстыру қабілетімен сипатталады.

Бөлімшенің жауынгерлік мүмкіндіктерін негізде алғанда оның шабуылдайтын объектілері окоптағы не басқадай қорғаныс құрылғысындағы қарсылас немесе шабуыл бағытында тұрған танк, қару, пулемет және басқа атыс құралдары болуы мүмкін. 100 м дейінгі бекіністі қорғайтын бөлімше саны жағынан мотожаяу әскер взводынан аспайтын, танктермен күшейтілген қарсыластың шабуылын тойтара алады. Ұлы Отан соғысының тәжірибесінде адам күші мен атыс құралдарының 50%-ынан айырылған қарсылас шабуылды жалғастырудан бас тартатын.

Шабуыл мен қорғаныста мотоатқыш бөлімше әдетте мотоатқыш взвод құрамында қимыл жасайды, барлау мен күзетте ол өзалдына қимылдайды. Жауынгерлік міндетке, жергілікті жердің жағдайына және басқадай жағдайларға байланысты бөлімше ЖҰМ-да (БТР-де), жаяу ретте (шанғымен), ал кейде танкте десант болып әрекет жасай алады.

Атыс жүйесін ұйымдастыру кезінде бөлімшеге атыс жолағы мен қосымша атқылау секторлары белгіленеді; ЖҰМ-ға (БТР-ге), гранататқышшыға, пулеметшіге әрбір атыс позициясынан негізгі және қосымша атқылау секторлары белгіленеді және қосалқы атыс позициялары көрсетіледі, ал кезекші атыс құралдары үшін, ЖҰМ (БТР) үшін уақытша атыс позициялары да көрсетіледі.

Түйіспелерде көрші бөлімшелердің (атыс құралдарының) атыс жолақтары (атқылау секторлары) өзара қамтылуға тиіс.

ЖҰМ-ның (БТР-дің) барлық атыс құралдары өздеріне көрсетілген позицияға тұрып, атуға арналған мәліметтерді дайындаған және оқ-дәріні нормаға жеткізіп толықтырған уақытта бөлімшенің атыс жүйесі дайын есептеледі.

Мотоатқыш бөлімше жандайшеп бойынша 100 метрге дейінгі және тереңдікте 50 метрге дейінгі позицияны қорғайды.

Бөлімшенің позициясына жеке құрам мен ЖҰМ (БТР) қарсыласқа білдірмей орналасады. Бөлімшенің позициясына маңдай шептен және қапталдан келер жолдар (әсіресе қапталдағы) нақты атыспен қамтылуға тиіс, бөгеттер мен кедергілер жақсы көрінуі және атқыланатын болуы керек. Бөлімше қатерлі бағытта маневр жасауға, түнде және көрінім жектеулі болатын басқа жағдайларда атыс жүргізуге дайын болуға тиіс.

Бөлімше командирі позицияның бөлімшені басқаруға, төңіректі бақылауға және взвод командирінің сигналдарын анық көруге ыңғайлы жерінде болады. ЖҰМ-ның (БТР-дің) атыс позициясы бөлімше позицияларының арталығында, қапталында не артында 50 метрге дейінгі қашықтықта болады.

Қорғанысқа көшуге ұрыстық міндет алғаннан кейін бөлімше командирі оны ұғынып анықтайды, қорғаныс ұйымдастырылатын жағдайды бағамдайды.

Қарсыласпен тікелей түйісу жағдайында қорғанысқа көшу кезінде бөлімше командирі алған міндетті ұғынып жеке құрамға позиция жеңіп алу және бекіну міндетін қоюға шешім қабылдайды, бақылауды, атыс және бірлесіп қимылдау жүйесін, ұрыстық жабдықтауды, позицияларды басқару мен инженерлік жабдықтауды ұйымдастырады. Бұл уақытқа ЖҰМ-ның (БТР-дің) атыс позициясы оның жасырын орналасуын ғана емес, инженерлік жабдықтау жұмыстарын атқарып жатқан жеке құрамды қалқалауды да қамтамасыз ететіндей болып таңдалады. Бұдан әріде бөлімше командирі жергілікті жерді бажайлайды, қарауындағылардың міндеттері мен бірлесіп қимылдау ретін нақтылайды, қажет болғанда басқа мәселелерді де шешеді.

Қорғанысқа қарсыласпен тікелей түйіспей тұрып көшу кезінде бөлімше командирі бөлімшені позицияға не взвод командирі көрсеткен жерге әкеліп, жасырын орналастырады, бақылау мен тікелей күзетті ұйымдастырады. Взвод командирі жүргізетін алдын ала барлау барысында бөлімше командирі шешім қабылдайды да, одан соң жеке құрамға бөлімшенің позициясына арналған

орынды, ЖҰМ (БТР) үшін, гранататқышшы, пулеметші үшін негізгі және қосалқы атыс позициялары болатын жерді және автоматшылардың орындарын көрсетеді. Бұдан кейін ол әскери бұйрық береді, позицияның инженерлік жабдықталуы мен бүркемеленуін ұйымдастырады, бағдарларға дейінгі қашықтықтарды анықтайды, күндіз және түнде атыс жүргізуге қажетті мәліметтерді дайындайды және атыс карточкасын түзеді.

Әскери бұйрықта бөлімше командирі мыналарды көрсетуге тиіс: бағдарлар, қарсыластың құрамы, жағдайы және қимыл сипаты, взводтың және бөлімшенің міндеті, позиция, атыс жолағы және қосымша атқылау секторы, жер үстіндегі және әуедегі нысаналарды бақылаудың және атудың реті; взводтың шоғырланған атысы учаскесіндегі бөлімшелер атыс жүргізетін орындар; көршілердің міндеттері; жеке құрамға қойылатын міндет; хабарлау, басқару, бірлесіп қимылдау сигналдары және олар бойынша қимылдаудың рету; қорғанысқа дайын болатын уақыт және орынбасары.

Әскери бұйрықты бергеннен соң бөлімше командирі позицияның инженерлік жабдықталуы мен бүркемеленуін ұйымдастырады, бөлімшеге және ЖҰМ-ға (БТР-ге), басқа атыс құралдарына окоп қазудың ретін көрсетеді, күндіз және түнде атыс жүргізуге қажетті мәліметтерді дайындайды. Одан әріде бөлімшені оқ-дәрімен, жанармаймен және жағар материалдармен, қорғаныш құралдарымен, азық-түлікпен, дәрі-дәрмекпен жабдықтау мәселелерін шешеді.

Бөлімшенің жеке құрамы әдетте мына шараларды орындайды:

Көздеуші-оператор (пулемет көздеушісі) – негізгі және қосалқы атыс позицияларын дайындауға қатысады, қару-жаракты, оқ-дәріні және олардың орналастырылуын, көздеу аспаптарын, оқтау және бағыттау тетіктерін қарайды, ақаулыларын жөндейді, көздеу аспаптары мен қосарланған пулеметті мұқият тексереді, бақылау және атыс жүргізу ретін ұғынады;

Механик-жүргізуші (жүргізуші) – негізгі және қосалқы позицияларды дайындайды, оларды бүркемелеуді жүзеге асырады, оларға шығу бағытын анықтайды, ЖҰМ-ның (БТР-дің) техникалық жағдайын, құрал-сайманның, запас бөлшектердің барын және жағдайын, жанармай мен жағармай материалдарының болуын тексереді, байқалған ақаулықтарын жөндейді, қажет болған ретте ЖҰМ-ның (БТР-дің) майын толықтырып құяды;

Қалған жеке құрам – қару-жаракты, оқ-дәріні, жабдықтаушымен мен қорғаныш құралдарын ұрыста қолдануға дайындайды, окоптар қазып, тасалар әзірлеумен, инженерлік бөгеттер жасаумен, шолу және атқылау жолақтарын тазалаумен шұғылданады.

Бөлімшенің қорғанысқа дайын екенін бөлімше командирі взвод командиріне баяндайды.

Позицияның инженерлік жабдықталуын ұйымдастырып, бөлімше командирі бөлімшенің атыс карточкасын түзеді.

Қарсыластың шабуылға шығуына дейін бөлімшенің бекінісінде бақылаушы мен кезекші пулеметші (автоматшы) үзбей қызмет атқарады; олар әдетте уақытша не қосалқы позицияға орналасады да, қарсыластың тұтқиыл шабуылын тойтаруға, сондай-ақ барлау жүргізетін немесе бөгеттерде өтпелер жасауға әрекеттенетін ұсақ топтарды жоюға үнемі дайын тұрады. Қалған жеке құрам, жағдайға байланысты, позицияны инженерлік тұрғыдан одан әрі

жабдықтайды, ЖҰМ-ға (БТР-ге) техникалық күтім жасауға механик-жүргізушіге (жүргізушіге) көмектеседі не тынығады.

Егер ЖҰМ (БТР) взвод бойынша кезекші болып тағайындалса, дереу атыс бастауға дайын қалыпта уақытша не қосалқы позицияға орналасады. Онда механик-жүргізуші (жүргізуші) мен көздеуші-оператор (пулемет көздеушісі) болады.

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Әскери доктринасы елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс әрекеттің сөзсіз қорғаныстық бағыттылығын айқындайды, ҚР-ның кезкелген мемлекет аралық қайшылықтар мен қақтығыстарды саяси жолмен шешуге принципті түрде бейінділігін дәлелдейді.

Әскери доктрина ҚР Ұлттық қауіпсіздігінің 1999-2005 жылдарға арналған стратегиясының құрамдас бөлігі ретінде елдің дамуына, аймақтық ахуалдық өзгеруіне және халықаралық қауіпсіздік жүйесінің дамуына қарай жетілдірілетін болады.

ҚР Әскери доктринасында жазылған әскери құрылыс, елді қорғанысқа дайындау, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарды пайдалану жөніндегі көзқарастар мен тұрғылар-әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заң актілері мен өзге де нормативтік құқылық құжаттарда нақтыланатын болады.

Әскери доктринаны іске асыруға күллі мемлекеттік және әскери басқару органдарының, ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың ҚР әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған үйлесімді іс-әрекеті арқылы қол жеткізіледі.

ҚР Әскери доктринаны барлық негізгі ережелерін дәйекті орындайтын, БҰҰ-ның Жарғысын, халықаралық құқық нормалары мен принциптерін қатаң және бұлжытпай ұстанатын болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Бәрімбек Бейсенов атындағы
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

Әскери және тактика - арнайы даярлық кафедрасы

ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ пәні бойынша
1 курс курсанттары арналған

Дәріс

Тақырып № 4. Жалпы әскерлердің заман талабына сай соғысуының негіздері.

Қарағанды - 2020 ж.

Дайындаған: Өскери және тактика-арнайы даярлық кафедрасының оқытушысы
Утеубаев Т.Д.

ПӘС талқыланып, кафедра мәжілісінде бекітілді 2020 жылғы «09» маусым №
19 хаттама

Өскери және тактика-арнайы даярлық кафедрасының бастығы
полия полковнигі Токтабеков С.Ж.

Дәріс сұрақтары:

Кіріспе.

1. Жалпы әскери ұрыстарының түрлері, сипаттық белгілері.
2. Мотоатқыш бөлішелерінің ұрыс қимылдарының негіздері:

-қорғаныста;

-шабуылда.

Қорытынды.

Әдебиеттер:

1. 1995жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 11 қазандағы № 161 Жарлығы
3. «Қазақстан - 2050» Стратегиясы – Қазақстан мемлекетінің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 15 желтоқсан Егемен Қазақстан № 828-231(27902)
4. «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 06 қаңтардағы №380 Заңы.//ЖК
5. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995жылғы 21 желтоқсандағы № 2707Заңы.//ЖК
6. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы. "Егемен Қазақстан" 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 18-19 (27090).
7. «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары патрульді-бекеттік қызметінің қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 5 шілдедегі N 475 бұйрығы.
8. Боевой Устав Сухопутных войск, часть П-Ш, Алматы, 2001.
9. Оборонительная достаточность и безопасность. М.,1990
10. Андрусенко Н.М. Мотострелковый взвод в бою. М., 1989
11. Беркутов С.Н. Вооруженные Силы основных капиталистических государств. Воениздат, 1988
12. Карашев В.М. Проблемы современной военной политики. М., 1989
13. Коневский Б.М. Проблемы современной военной политики. М., 1989
14. Кереев А.К. Учебное пособие «Боевые действия взвода» МВШМ. 1980
15. Поповских П.Я. и др. Подготовка войскового разведчика. Учебное пособие. М. Воениздат, 1991
16. Теплов Б.М. Ум полководца. М., 1990
17. Методика тактической подготовки курсантов, командиров мотострелковых отделений. М., 1978
18. Военная символика (сост. В.Н. Соколов) М., 1997

К і р і с п е

Соғыс өнеді – құрлықта, теңізде және ауада жүргізілетін әскери іс-қимылдарды дайындау және аткізудің теориясы мен практикасы болып табылады.

Соғыс өнеді үш құрамды бөліктен тұрады: олар өзара бір-бірімен тығыз байланысқан стратегия, оперативтік өнер және тактика. Көрсетілген бөліктердің әрқайсысы өздеріне тән масштабтағы қарулы күрестің ерекшелігін ескеріп, оларға қатысты құбылыстар мен проблемалардың белгілі саласын нақтылай зерттеуді қажет етеді.

Стратегия – стратегиялық операцияларды және соғысты түбегейлі дайындаумен, өткізумен айналысады. Бұл елді және Қарулы Күштерді соғысқа дайындауды, стратегиялық операцияларды, соғысты түгілімен жоспарлаумен жүргізуді қамтитын соғыс өнерінің ең жоғарғы саласы.

Оперативтік өнер – Қарулы Күштердің біріктірімен түрлерінің бірлескен және жекелеген операцияларды жүргізудің дайындығының теориясы соғыс өнерінің екінші құранды бөлігі. Оперативтік өнер теориясының негізгі міндеттері қазіргі замандағы операциялардың (соғыс іс-қимылдарының) заңдылықтарын, мазмұнын және сипаттамаларын зерттеу, оларды дайындау және жүргізу тәсілдерін әзірлеу, Қарулы Күштердің бірлестіктерін, құрама түрлерін, әскери күш түрлерін пайдалану болып табылады.

Тактика – бөлімшелердің, бөлімдердің (кешелердің), Қарулы Күштердің әртүрлі түрлерінің құрамаларының, әскери күш түрлерінің, арнаулы әскерлердің соғыс жүргізуге дайындаудың теориясы мен практикасын қамтитын соғыс өнерінің үшінші құранды бөлігі болып саналады.

Тактика териясы ұрыстың даңдылықтарын, сипаттамасын және мазмұнын зерттейді, оны дайындау мен жүргізу тәсілдерін әзірлейді, бөлімшелердің, бөлімдердің құрамалардың жауынгерлік ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін зерделейді. Тактика практикасы командирлердің, штабтардың, әскери күштердің ұрысты дайындау және жүргізу жөніндегі қызметін, іс-әрекеттерін қамтиды.

Тактика – соғыс өнерінің аса динамикалық саласы. Ондағы өзгерістер техникалық прогресстің жеделдетілуімен, қарулы күрес құрал-жабдықтарының жетілдірілуімен тікелей байланысты болып тұрады.

Тактика жаңа қару-жарақ пайда болысымен оның соғыс іс-әрекеттерінің жүргізілу тәсілдеріне тигізуі мүмкін сипаттамаларын мүдіртпей ашып береді, оның жалпыәскерлік ұрыстың мазмұнына оның кіргізер және кіргізе алатын жаңа белгілерін анықтайды (дайындыққа, жүргізуге, басқаруға). Қару-жарақтың, әскери техниканың, әскердің жеке құрамдарының сапаларының өзгеріске түсуіне сәйкес тактика үздіксіз дамып отырады. Қару-жарақтың жетілдірілуі және оның жаңа түрлерінің пайда болуы тактиканың дамуының негізі болып табылады.

1. Жалпы әскери ұрыстарының түрлері, сипаттық белгілері.

Тактикалық масштабта қарсыласқа қарсы жеңіске қол тек ұрыс нәтижесінде жеткізіледі. Бөлімшелердің, бөлімдерді, құрамалардың қарулы қақтығыстарында ұрыс жеңіске жетудің бірден-бір құралы болып табылады.

Ұрыс-әскерлердің авиацияның және флоттың тактикалық іс-әрекеттерінің негізгі нысаны. Ол мақсаты, уақыты арыны жөнінде ұйымдастырылған және келістірілген құрамалардың, бөлімдердің және бөлімшелердің қарсыластарын жоқ жылу (жою) мақсатымен және оның соққысына жауап беру және шектелген ауданда қысқа уақытта басқа да міндеттерді орындау мақсатындағы соққылары, атыстары мен маневрлері болып табылады. Ұрыс жалпыәскерлік, әуе шабуылына қарсы, әуе және теңіз шабуылы болуы мүмкін.

Ұрыс екіжақты құбылыс, мұнда бір мақсатты – қарсыластарын жеңу керек үшін топтасқан екі қарама-қарсы күштердің арпалысы. Ұрыста жеңіске қол жеткізу үшін қару-жарақ, техника және адамдар қатысады. Мұнда техника мен қару-жарақтың тиімділігі (жағдайдың барлық ерекшеліктерін есепке ала атырып) сауатты пайдалана білуі қажет.

Құрылықтағы әскерлердің қазіргі замандағы ұрысы жалпыәскерлік болып табылады. Бұл оны біріктірілген бөлімшелердің, әскери әртүрлі бөлімдердің, арнаулы әскерлердің, сондай-ақ авиацияның ал теңіз жағалауы бағытында ЭТФ кемелері қатысады және жүргізеді дегенді білдіреді. Онда белгілі бір әскери тәртіпте қойылған әртүрлі соғыс күштері мен құрал-жабдықтары, танкілік, артиллериялық, зениттік бөлімшілер, инженерлік және химиялық әскерлердің бөлімшелері кіріктірілген күштер пайдаланылады. Бірегей ұрыстық тәртіпке қойылған алуан түрлі күштер мен құрал-жабдықтардың тығыз да үзіліссіз өзара іс-қимылы оларға пайдаланған күштердің ұрыстық қабілеттері мен мүмкіндіктерінің өзара бірін-бірі толықтыруы есебінен ұрыстық міндеттерді неғұрлым табысты шешуге игі әсер етеді, соққы берудің, от пен маневрдің неғұрлым тиімді бірлесуін қамтамасыз етеді.

Соққы беру-ұрыстың құранды бөлігі. Ол қарсы жақтардың топтарына және оның нысандарына қолда бар барлық күштер мен құралдардың қуатымен бір мезгілде бас катертпес әсер ету болып табылады.

Соққылар ядролық, оттық және соққы беру әскерлермен, ракеталық, артериялық авиациялық күштермен берілуі мүмкін. Ұрыстағы бөлімшелерде танкілердің, БМП-дағы мотоатқыштардың немесе БТР-лардың (кейде жаяу тәртіпті түрде) артиллерия мен авиацияның оттарымен бірлескен аттар оңі пайдаланылады.

Әскерлердің соққысы-жауды жоюды аяқтау және тағайындалған аудандарды (шептер, нысандар) алу мақсатымен қолданылған танкілік мотоатқыштық бөлімшелер мен бөлімдер, әуелік десанттардың оқтары мен қозғалыстарының қабысуы болып табылады. Сондықтан да соққы шабуыл үшін, бірінші кезекте, оның шешуші атакасына неғұрлым тән. Қорғаныста ол әдетте атакаға қарсы шығарда пайдаланылады. Атакадағы (атака қарсы) бөлімшелердің және бөлімдердің соққысының күші, бірінші кезекте, олардың

оттық қуатымен, қозғалыс жылдамдығымен (темпімен) –тұтқиылдан берілуімен анықталады. Неғұрлым күшті соққыны танкілік және мотоатқыштар бөлімшелері оларға артиллерия, авиация тиімді қолдау көрсеткен, сенімді зениттік құрал—жабдықтармен қолдаған жағдайда бере алады. Өрт-әртүрлі өару-жарақ түрлерімен жауды оқпен жарақаттандыру. Ол жауды жою, басу, титықтату үшін, сондай-ақ оның нысандарын бүлдіру үшін жүргізіледі. Өт тактикалық міндеттері шешу, жою, басу, титықтату, бүлдіру, түтіндету (бет қаратпау) т.б. түрлерге бөлінеді. Қару-жарақ түрлері бойынша. От ату қаруынан, танктерден, артиллериядан, БМП, танкілерге қарсы кешенді басқарылатын ракеталардан, зениттік қару-жарақтардан және тағы басқалардан атылатын оттарға бөлінеді. Ол сонымен (қатар атылу тығызғы бойынша (жекелеген атыстармен), бағыты бойынша (қарсы алдынан, флангілік, оқты тұстан жаудыру) (2 схема), атудың тәсілі бойынша (тұрған жерден, тоқтаған жерден, бірден және т.б.) және түрлері бойынша (жекелеген нысалар бойынша от, жоғырланған), жау жолын бөгейтін оқ) ерекшеленеді.

Оқ ұрыста табысқа жетудің басты факторы болып табылады, өйткені тек оқпен, отпен ғана жауға залал келтіріледі, де оның ұрыс қабілетінен айырады. От әскердің ұрысын даярлайды, әрі әлесіп отырады, ол осы ұрыстық бөліубес бөлшегін құрайды, оның қарқынды дамуын қамтамасыз етеді және маневрді жүзеге асыру үшін қажетті жағдайларды жасайды. Қорғаныста, негізінен, бөгеттермен қабысқан өт қана жау шабуылына соққы беруге мүмкіндікті тасап береді. Ғылым жетістіктерінің негізінде қару-жарақтың дамуы оның ұрыстық тиімділігінің айтқаларлықтай өсуіне, көтерілуіне алып келіп, оттық ұрыстық қашықтығын өсіруді, өте қысқа мерзімде үлкен нәтижелермен мақсаттарға жетуді қамтамасыз етті. Қазіргі жағдайларда өткен соғыстармен салыстырғану ату дайын өз мерзім ішінде жүргізу жеткілікті деп саналып, соңында әлдақайда үлкен нәтижеге ие болуға деп қорытынды жасалынады. Мысалы, американдық мамандардың көзқарасы бойынша қорғанушылардың басып кіретін участогіне 60% кейін залал келтіру қажетті деп саналады. Ұрыс қару-жарақтарының тиімділігі әсіресе ЖДҚ (жоғарыдәлдік қару-жарақ) пайдаланумен күрт өсті. Оның пайдаланылуы ұрыс жүргізудің тереңдігі мен дәлдігінің айтарлықтай өсуін, нысананы өте аз мерзімде жоюға, бірімезеттік шығын деңгейінің өсуіне алып келді.

Маневр – қазіргі замандағы ұрыстық мазмұны құрайтып маңызды үшінші бөлік. Ол ұрыс барысында әскердің ұйымдасқан жасырынды және тез жауға қарсы тиімді жайды басып, алып қалу мақсатымен және қажетті күштер мен жабдықтарды топтастыру, сондай-ақ жауға неғұрлым тиімді соққы беру үшін соққыны және оқты ауыстыру болмаса басқадай мақсаттау (топтау, шоғырландыру, бөлу) үшін орын ауыстыруы, көшірілуі болып саналады. Қорғаныста бөлімшелермен маневр өз позициясын неғұрлым пайдалырақ позицияға ауыстыру, үшін және қауіп төндіріп тұрған бағытты неғұрлым сенімдірек жабу есебімен, сол бағытта тұрған бөлімшені күшейту (немесе ауыстыру), сондай-ақ жаудың соққысынан шығу үшін ату шебіне ие болу, қарсы шабуыл шебі не ауысу үшін пайдаланылады.

Шабуыл кезінде бөлімшелердің маневрі қол неткен табыс бағытындағы күш-қуатты ұрысқа екінші эшелонды еңгізу арқыл нығайтылып, жүзеге асырылады, бірінші эшелон бөлімшелерінің бөлігін бір бағыттан басқа бағытқа ауыстыру, сондай-ақ жаудың қарсы шабуылын тойтару мақсатымен пайдалырақ шепке ие бөлу үшін жүргізіледі.

Маневрдің түрлері қоршап алу, айналып өту, шегініс болып табылады.

Қоршап алу – бұл бөлімшелердің жау флангысын соққы беру мақсатымен шығуын жүзеге асыру маневрі.

Орағыту, айналып өту – бөлімшелердің маңдай алдындағы шабуылдаушы бөлімшелері тактикалық өзара іс-әрекеттесіп жасайтын неғұрлым терең маневрі.

Шегініс - өзінің бөлімшелерінің күші басым жау соққысынан кету және уақыт ұтатын маневр, әрі неғұрлым пайдалы позицияға (шеп, аудан, позиция) ие бөлу маневрі.

Отпен маневр жаудың маңызды нысандары бойынша бір мезгімдік немесе біртіндеп түйдектете (шоғырландыра) оқ жаудыру болып табылады және де оны бөлу (тарату) бірнеше нысанды ойран қылу үшін, сондай-ақ жаңа нысандарға қайтадан бағыттау болады. Отпен маневр траекторияны ауыстыру есебінен неғұрлым мол орын алып отырғанын ескерту қажет, яғни позицияларды ауыстырмай (бұрынырақты отпен маневр дөңгелекпен де болған).

Қрыстық динамикалық даму жағдайында жағдайдың тез өзгеруіне байланысты күштермен, жабдықтармен және отпен маневр барлық кезеңдерде де – қорғаныста, және шабуылда – басынан бастап қолданатып қимылдарының тұрақты элементі болып алды.

ҚЗЖӘУ мазмұны (қазіргі замандағы жалрыәскерлік ұрыс) қару-жарақтың және техниканың даму деңгейімен, олардың ерекшеліктерімен әрі сонымен анықталады.

Ұрыс оған қатысатын күштер мен жабдықтардың негізгі көпшілігімен қоса (жалпыәскерлік, әуе күштері және т.б.) және мынадай белгілермен – жеңіске жету үшін мақсатпен іс-қимыл тәсілдерімен жүктеледі. Осы белгілері бойынша ұрыстың негізгі түрлері болып қорғаныс және шабуыл саналады.

Қорғаныс – күші басым жаудың шабуылына (соққысына) тойтарыс беру, оған есепсіз шығын келтіру маңызды аудандарды ұстап қалу шептер, нысандар) және сәтіп шешуші шабуылға шығу үшін қолайлы жағдайлар жасау ядролық соққылар, зерттегі қару-жарақтардың, күштер мен жабдықтар арқылы, тұрған позицияларды, шептерді, нысандарды ұстап қалуды қарсы шабуылға шығуды қолдануды қабыстыра отыру арқыл қол жеткізіледі. Қорғаныс позициялық маневрлік болуы мүмкін, еріксіз немесе әдейлеп жүзеге асырылады. Әскерлер қорғанысқа күнілгері ауысына болады, оның ішінде бейбіт уақытта немесе ұрыс барысында (жаумен тікелей түйісудің болмауы жағдайында немесе оқымен тікелей түйіскен жағдайларда).

Бөлімшелер, бөлімдер және құрамалар ұрыс барысындағы шабуылда жаудың қарсы шабуылына топтарыс беру пайдалы шептерді, плацдармдарды

бекіту, тартып алынған нысандарды ұстап қалу үшін қорғанысқа ауысуы мүмкін. Қорғаныс шабуылмен тығыз байланысты. Кезкелген қорғаныста шабуылдың элементтері болады, шабуылдың өз кезегінді қорғаныстың элементтері болады.

Қазіргі замандағы қорғаныс үшін соғыстың басталу кезеңі жағдайында оны басталысымен шешуші табысқа қол жеткізіп, тереңдеп енуге ұмтылғап күшті жауға қарсы жүргізілуі тән. осындай жағдайда қорғанушылардан ерекше төзімділік пен қайсарлық, барынша қаттылық жән әр шепте, позицияда жоғары жинақылықты талап етіледі. Әрбір шепте. Позицияда нысанда. Қазіргі замандағы қорғаныстың негізін танкке қарсы қорғаныс құрайды.

Шабуыл-жауды толығымен тас-талқан етіп және аймақтық маңызды аудандарына ие болуды мақсат қойған ұрыстық түрі (шептер, нысандар). Бұл мақсатқа жаудың ядролық және химиялық құрал-жабдықтарын жоюмен оның топқа қарсы тұрған негізгі ату құрал жабдықтарын ракеталық әскерлердің, авиацияның, артиллерия оттарының соққысымен жою, танкілік, мотоатқыштар бөлімшелерінің блімдерінің, құрылымдарының авиациямен, әуе десантарымен өзара іс-қимылдаса отырып тоқтаусыз алға жылжу, шешуші шабуыл үшін жаудың делангіне және тылынан шығу, оны қоршап ату, бөлшектеу және бөлшектеп шойып жіберу арқылы қол жеткізіледі.

Бөлімшелер мен бөлімдердің соғыстың алғашқы кезеңінде шабуылға ауысуы біздің әскерлердің қарсы шабуылға шығу қимылдарының шеңберінде жаудың ішке кіріп кетуін тойтарғаннан соң жүзеге асырылады. Кейбір реттерде олар тереңнен алға шығып, шабуылға ауысуына болады. Шабуылдаушы әскерлермен оларға қарсы шыққан тау әскерлерінің шабуылға ауысуымен түйіскен жағдайда шабуылдың бір түрі болып саналатын бетпе-бет ұрыс пайда болады. Мұндай жағдайда күштердің, әдетте, кішілеу бөлігі жау әскерлерін қарсы беттен қысып тұрады, ал қалғандарға оған соққыны делангтан да, тылдан да береді.

Жау шегінгенде әскерлер қуғыншылық жолымен шабуылға шығады. Мұнда қарсы беттен шабуылдаушы күш бөліктері жаудың шегіну жолдарына қатар келе жатқан толаусыз алға ұмтылушылармен қосарланады.

Ядролық қарудың пайда болуы және әдеттегі қару-жарақтық жетілдірілуі (әсіресе ВТО), әскерлерді танкілермен, БМП-мен тік ұшақ пен көптеп жарақтау ҚЗЖӘС (СОБ) пән ерекшеліктерді айқындай берді. Олардың негізілеріне мақсаттардың шешімділігі, жоғары кернеулілік аса жылдамдық және динамизм олардың әуелік-жерлік сипаты, жақтардың саптастырылған жауынгерлік қатарларының барлық тереңділігіне бір мезгілде зор өтты әсер жасау, жауыгерлік тапсырмаларды орындауға әртүрлі тәсілдерді пайдалану, іс-қимылдардың бір түзінен тездетін басқа күрделі радиоэлектронды жайтқа ауысу.

Мұндай ұрыста табысқа қол жеткізу үздіксіз барлау жүргізу, қару-жарақты, техниканы қорғаныс және жасырыну құрал-жабдықтарын біліктілікпен қолдану, жоғары жылдымдық және ұйымжылдық, барлық моральдық және күш-жігердің біріктірілуі арқылы қамтамасыз етіледі. Барлық

жағдайларда жеңіске ие болу үшін оған деген қайтпас жігер, құштарлық, тәртіп және жауынгерлік топтасқандық қажет.

Қазіргі замандағы ұрыста жеңіске қол жоғары әскери әзірлік өзінің әскери міндетін саналы түрде орындау, жеке құрамның табандылығы, қаһармандығы ерлігі мен қандай қандай болмасын жауды жеңуге даярлығы, бастықтардың, командирлердің өз бағыныштарын жақсы білуі, олармен жақын болуы, олардың ұрыс жағдайында мұқтаждықтарына назар аудару, оларға үлкен талап қол білу, оларда Отанға, өз еліне деген берілгендік, сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу арқылы жеткізілуі. Ұрыс мақсаттарының табандылығы бір жағынан Отан қорғаушы Қарулы Күштердің міндеттерінен алдын-ала айқындалса, екінші жағынан, Қарулы күрес құрал-жабдықтарының өскен мүмкіндіктерімен және стратегия мен оперативтік өнердің жоғары тиімді жауынгерлік құрал-жабдықтарды қолдану нәтижелерін шактикара тез де уақытылы қолдану талаптары. Ұрыс мақсаттарының табандылығы әскерлердің неғұрлым өз мерзімде, аздаған шығындармен барынша мүмкін болатын нәтижелерге жеткізетін іс-қимыл тәсілдері мен міндеттерін анықтаумен қамтамасыз етіледі. Қазіргі замандағы жалпыәскерлік ұрыстағы іс-қимылдардың шиеленісушілігі, өткіншілігі және динамизмі соғыс құрал-жабдықтарының зор талқандау қуатының өсуімен, өскелеңнің жинақтылықпен және осыларға сәйкес жақтардың маневрді жүзеге асырудағы ауқымды мүмкіндіктерімен, әртүрлі бағыттардан күтпеген, кенеттен соққы берумен ескеріліп қамтамасыз етіледі. Осының салдарынан кейбір бөлімшелердің өте қысқа мерзімде соғысу қабілетінен айырылып қауіпі жоғары болады және жағдай да шұғыл өздеру мүмкін. Күштерді бір бағыттан басқа қысқа мерзімде ауыстыру қажеттілігі және мүмкіндігі туындады.

ҚЗЖӘҰ тән белгі оның әуелік-жерлік сипаты, іс-қимылдардың жерде де, әуеде де, кең ауқымды және тереңдікте өрістетілуі болып табылады. Бұл жай әскерлердің ұрыстық мүмкіндіктерінің күрт өсуін, құрал-жабдықтардың, қарулардың алыстан жарақаттауының, әскерлердің тез айналып өтулерге қабілеттілігімен, әуе десанттарын түсірумен қамтамасыз етіледі. өткен соғыс тәжірибесімен салыстырғанда бөлімшелер мен бөлімдердің қорғаныстағы және шабуылдағы іс-қимыл майданы әлденеше рет өсті.

Жалпыәскерлік ұрыс қимылдары жалпыәскерлік бөлімшелер мен бөлімдерінің әуе десанттарының белсенді қимылдары қосарлана берілумен анықта ашық сипатталады. Шындығына келсек, ұрыс әуелік-жерлік сипатта. Қазіргі замандағы ұрыста оның бір мезгілде түйіскен шепте жүргізілуі мен тылда өтуі (соғыс жүргізіліп жатқан бүкіл тереңдікте сәуір күштердің қатысуымен) үлкен маңызға ие болуда.

ҚЗЖӘҰ жақтар әскерінің жауынгерлік, соғыстық қатар түзеуінің барлық тереңдігіне бір мезгілдік зор отпен әсер етуі оның белгісі ретінде ерекше көзге түседі. Бұған қыру-жою құралдарының жоғары тиімділігі, алыстықты қамтудың асуі, дәлдіктің, шығын келтіру дәрежесінің өсу мүмкіндік береді. Нәтижесінде бөлімшелер мен бөлімдердің бірінші ғана емес, екінші эшелоны да жауды жеңіліске ұшыратады, ұрыс даласының позициясына резервтің

келтірілмеуіне, жау жағының ұрысқа өздерінің екінші эшелондарын кіргізуді болдыртпау мүмкіндігі немесе қарсы шабуыл өткіз, оның әскерлерді, қару-жарақтарды басқару бұзуға қол жеткізіледі.

Құрту, жою құралдарының жауынгерлік, соғыстық тиімділігінің өсуіне байланысты жақын ұрыстық сипаты өзгерді. Қазіргі жауынгерлік, ұрыс қару-жарақтарының атылатыл отының алыстығының өсуі арқасында оны жүргізу танктермен, танкке қарсы құралдармен неғұрлым мүмкіндігінше алыстан іске асыру орын алды, яғни 2-3 км алыстықтан.

Ұрыс жүргізудің әртүрлі тәсілдері-соғыс құралдарының мол арсеналы жағдайдың тез де кенеттен өзгеруі, ұрыстың шапшаңдығы, шығынның сипатым, жаудың күштері мен құралдарының құрамымен олардың жүргізетін іс-қимылдарымен ерекшеленетін белгі.

Жағдайдың тез де күтпеген өзгеруі әсіресе ядролық қару-жарақты қолдану жағдайындағы қимылдар үшін тән болып табылады. Әскерлердің әдеттегі қару-жарақтағы ұолданған оттық және ұрыстық қуаты белгілі бір жағдайларда өте аз уақыт ішінде (кейде бірнеше минут ішінде) мүлдем жаңа жайтқа, жақтардың жаңа өзара қарым-қатынастарына, күштер мен құрал-жабдықтардың жаңа ара салмағына бар күштер мен қару-жарақтардың іс-қимыл мақсаттарына қол жеткізуіне өзгерістердің, режимнің әсер етуіне әкеліп соқтырады. Бұл өзгерістердің басты қауіптілігі – олардың сәйкесті жағымсыз салдарларымен көрініс беретін төтеншелігі, ойда жоқтығы.

Сондықтан да қазіргі замандағы ұрыста жеңісті іс-қимылдардың аса маңызды жағдайлары – алдын-ала көріп білу, ұрыс барысының, тұрақты бағалары, барлауды белсене жүргізу, кезекшілік құрал-жабдықтардың және резервтің болуы жоғары жауынгерлік дайындықты тұрақты қолдап атыру, қатаң да үздіксіз басқару болып табылады.

Қазіргі замандағы ұрысқа күрделі радиоэлектрондық жағдай тән белгі болып отыр. Оның мәні қазіргі замандағы жау радиоэлектрондық байланыс құрал-жабдықтарын, қару-жарақты басқаруды жойып жіберуге үлкен маңыз беруі болып табылады. Араб-израиль соғыс қимылдары тәжірибесі көрсеткеніндей, радиоэлектрондық басып тастау арқылы жақтар ұрыс мүмкіндіктерінің оның әскерлерін, қару-жарақтарды басқаруды бұзуға қол жеткізулеріне болады және олардың өздерінің радиоэлектрондық жүйелерін қолдану мүмкіндігін жүйелерге электромагниттік сәулемен әсер ету арқылы төмендетуге болады. Радиоэлектрондық басып құрту сонымен бірге өзінің нысандарын жаудың барлауынан және радиоэлектрондық қондырғаларға және нысандарға бағытталған қару-жарақтарды әсер ету арқылы жойып жіберуінен қорғау мақсатымен қолданылады. Осы мақсатпен сондай-ақ жалған мақсаттар, ұстап алушылар, радиоэлектронды қауіптерді төмендету, әскери техниканың объектіледің жылылық және акустикалық контрастыққа түсірілуі, сонымен қоса радиодезинформация кеңінен қолданылады.

Қазіргі замандағы ұрыстық жоғарыда қарастырылған тән белгілері командирлерден штабтардан ұрысты ұйымдастыруға теориялық қамтуды және іс-қимыл әдістерін таңдауды талап етеді.

Жеңіс ұрыс аяғы немен аяқталуына факторлардың әсерін неғұрлым толық есепке алып отырған жақта болады. Олардың арасында ұрыс жүргізудің негізгі принциптерін ұрыс пайдалану ерекше орын алады.

Қазіргі замандағы ұрыстың негізгі принциптері.

ҚЗЖӨҰ-ның негізгі принциптері – олар негізгі басшылық ережелері, ұрысты ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі аса маңызды кепілдемелер. Олардан қолданыстағы объективті қаруланған күрес заңдары өз көрінісін табады.

Қазіргі уақытта ҚЗЖӨҰ –тың негізгі принциптеріне бөлімшелер мен бөлімдердің тұрақты жауынгерлік дайындығы; жоғары табандылық; ұрыстың заңдылығымен үзіліссіздігі; әскер түрлерінің бөлімшелерінің және арнайы әскерлердің ұрыста келісіліп пайдалануы мен олардың арасындағы үзіліссіз өзара әрекеттестікті қолдап отыру; іс-қимылдардың күтпеген жерден жүргізілуі мен әскери қулықты пайдалану (жауды алдау); бас бағытта әскерлердің күштерін шешуші жоғырландыру және шешуші мезетте бөлімшелердің маневрі соққы беруі от астына алуы; бөлімшелердің ұрыс қабілеттілігін өалпына келтіру; ұрысты жан-жақты қамтамасыз ету; моральдық және әсе-қуат күштерінің толық біріктірілуі; соғыс міндеттерін орындау мүдделеріне моральдық – саяси факторды пайдалану; бөлімшелерді қатаң да үзіліссіз басқару.

Соғыс міндеттерін орындауға бөлімшелердің тұрақты жоғары жауынгерлік дайындығы олардың ұрысқа уақытылы кіруін алдын-ала қамтамасыз етеді; сөйтіп ұрыс мақсатына табыспен жетізге неғұрлым ыңғайлы жағдай жасайды. Бұл принциптің мәні олардың кез келген уақытта; ұйымдасқан және белгіленген мерзімде осы мезетте жүзеге асырылған іс-қимылдарға байланыссыз ұрыс кіру және қойылған міндеттерді табысты орындауға қабілеттілігі болып табылады.

Көрсетілген принципті бейбіт уақытта агрессордың тұтқпыл шабуылына тойтарыс беруді қамтамасыз ету мақсатымен қатаң басшылыққа алу аса маңызды.

Ұрыстық шешушілігі, белсендігі және үзіліс сіздігі; дұшпанды толық жоюға деген тұрақты ұмтылыспен, жауға қуатты соққы берумен өз еркінді оған тақу, оның жоспарларын болдырмаумен және оған қолайсыз жағдайлар туғызумен, күтпеген жерден, батыл да жанқиярлық іс-қимылдармен, әрі оларды тұрақты, төзімді түрде, күндіз де түндеде, ата райына қарамастан жүргізілуімен түсіндіріледі.

Осы принципті пайдалану жөніндегі нақты шаралардың бірін қол жеткізілген жеңіс бағытында күштерді уақытылы күшейту бір бағыттан (участоктан) күштерді басқа бағытқа алмастырғанда үзіліс бермеу, ұрысты күндізге, түндеде, ауа райына қарамастан жүргізілетінін айтуға ұрыста келісілген бірлескен пайдалануы – мен олардың арасындағы үзіліссіз өзара іс-

әрекеттестікті қолдау принципі әртүрлі күштер, құрал-жабдықтар және іс-қимылдар қатысқан жалпыәскерлік ұрыс табиғатын көрсетеді. Өзара іс-әрекеттестік әскерлердің барлық түрлерінің бөлімдері мен бөлімшелерінің, қару-жарақтаруың мақсаттар, бағыттар, шептер бойынша және қойылған міндеттерді орындау тәсілдерімен келісілген іс-қимылдармен түсіндіріледі.

Тұтқпыл іс-қимыл және соғыс айласын пайдалану-әскери өнердің аса бір маңызды принциптерінің бірі. Ол дұшпан үшін күтпеген жерден күштер мен құрал-жабдықтарды. Қолдану тәсілі, олардың саны, уақыты, жері бойынша қандай да болмасын іс-қимылдарды жүзеге асыру. Тұтқпылдық жаудың қандайда болмасын іс-қимылды, қандайда болмасын қару-жарақты пайдалану мүмкіндігі жоққа тән деп есептеген жағдай ахуалдарын таңдаумен жүзеге асырылады. Қапылыста қалған жауға, әдетте, одан күштердің басым болмаса да мол шығын келтіруге болады.

Әскери қулық-әскерлердің шындығындағы іс-қимылдары мен жағдайы жөнінде жауды адасуға еңгізумен түсіндіріледі. Алдау іс-қимылдары шындыққа жақын нүктеден қарағанда мүлдем жасырынған, сенімге жақын болуы керек жауға жалған шаралар мен маневрді шындық ретінде және жыл іс-қимылдарды жалған ретінде қабылдауға мәжбүр ету немесе жалғандықтарды жауға мүлдем сездірмеу. Әскерлердің негізгі күштерін бсты бағытқа және шешуші мезетте табанды жоғырландыру аса маңызды принциптердің бірі. Оның мәні күштер мен құрал-жабдықтардың басым көпшілігін басты бағытта пайдаланумен, әрі онда нағыз тиімді қырып-жою құрал-жабдықтарды пайдаланумен түсіндіріледі. Белгіленген уақытта және шешуші мезетте күштер мен құрал-жабдықтар осы ұрыс түрінде негізгі және белгілі бір дәрежеде жеңіске қол жеткізуге қабілетті күштер жоғырландырылады.

Бөлімшелермен, ұрыстармен және өтпен маневр ұрыстық аса маңызды принциптерінің бірі. Оның мәні әскерлерді тез, әрі ұйымдасқан түрде басты бағыттарға және учаскелерге оларда неғұрлым ыңғайлы күштер, құрал-жабдықтардың ара қатынастарын, жауға қарағанда қолайлы жағдай жасау мақсаттарымен түсіндіріледі. Маневр жау үшін жасырын, тұтқпыл және өз уақытында жүзеге асырылуы қажет. Оның өткізілуіне оңпайлы, мақсатқа сай күштер мен құрал-жабдықтарды қамтыған жөн және маневрге өте аз уақыт кету керек.

Маневр инициативаны басып алуға және ұстап тұруға мүмкіндік береді, жаудың ойын болдырмай, өзгерген жағдайда ұрысты жеңісті жүргізуге жол ашады.

Маневрдің көмсегімен жетіспейтін күштер мен құрал-жабдықтардың орнын толтырып, оларды тез қауіп төніп тұрған учаскесі, жаңа позициялар мен шептерге жіберуге әбден болады. Көшпелі ұрыс қару-жарақтарының, өт ошақтарының маневрлігі өте тиімді.

Қазіргі жағдайларды вертолеттерді пайдалану есебінен әуедегі “вертикальді қоршау” маневрі үлкен орын алып келе жатыр.

Бөлімшелердің уақытына ұрысқа дайындығын қадпына көлтіру және ұрысты жан-жақты қамтамасыз ету - әскерлердің жоғары соғысқа дайындығын

қостап отырған, олардың ұрыс қабілеттерін сақтау (қалпына келтіру) және оларға қойылған міндеттерді орындауға жайлы жағдайлар жасауға бағытталған шараларды дайындау және жүзеге асырумен түсіндіріледі.

Ұрысты жан-жақты қамтамасыз ету - әскерлердің жоғары ұрысқа дайындығын, олардың соғыс қабілеттілігін сақтауға және жауынгерлік міндеттерді орындау үшін жайлы жағдайлар жасауға бағытталған шараларды ұйымдастырып, жүзеге асырумен түсіндіріледі. Ол ұрысты дайындаған кезде ұйымдастырылады және ұрыс барысында үзіліссіз қосталып отырады. Бөлімдер мен бөлімшелердің ұрысқа жан-жақты қамтамасыз етілуі жауынгерлік, техникалық және тылдық қамтамасыз етілуді қамтиды. Қазіргі уақытта әскерлерді қорғау (қауіпсіздігін қорғау) үлкен орынға ие толып отыр.

Моральдық жән әл-қуат күштерінің толығымен қозғалысқа келтірілуі және жауынгерлік міндеттерді орындау мүдделіктерінде моральдық – саяси факторды пайдалану ұрыста жеңіске жетудің маңызды шарасы болып табылады. Жеке құрамның жоғары моральдық рухы әскерлердің жауынгерлік мүмкіндіктерін әлденеше рет өсіреді, жаудан белгілі бір сапалық артықшылықты береді. Бөлімшелерді қатаң және үздіксіз басқару, сонымен қатар қойылған, белгіленген міндеттерге қол жеткізудегі үзіліссіздік, қабылданған шешімдерді және қойылған міндеттерді – орындау ұрыста аз шығындармен, неғұрлым аз мерзімде табысқа қол жеткізуге мүмкіндік жасайды. Бұған жағдайды тұрақты білумен, уақыты өзі жеке шешімдер қабылдап, олардың жүзеге асырылуы, бөлімшелерге нақты және тұрақты міндеттер қол білумен, барлық командирлердің өздерінің шешімдерін орындатуға талпынысты, жоғары жеке жауапкершілігі күштермен қару-жаракты бөлімшелердің дұрыс жауынгерлік қолданылуы, бөлімшелермен тұрақты, үзіліссіз байланыс, басқару пункттерінің нақты ұйымдастырылып, өміршеңдігін қамтамасыз ету арқылы қол жеткізіледі.

Басқарудың негізін ұрыс мақсаты дәлме-дел анықталған, қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін ой-пікірлер, іс-қимыл тәсілдері көрсетілген шешім құрайды. Шешім бар мүмкіншіліктерге сәйкес келуі керек және жағдайдың ахуалдарын жан-жақты ескеруі қажет.

Жалпыәскерлік ұрыстың түрлері және олардың қысқаша сипаттамалары.

Жаумен ұрыста жеңіске жету үшін әскерлер іс-қимылдың әртүрлі тактикалық амал-тәсілдерін қолданады, сонымен қатар оларды қосарлап пайдалану тәсілдері есте болады. Дегенмен ұрыс іс-қимылдарының санқырлығына қарамастан оларды негізгі, аса маңызды белгілері бойынша түрлерге жіктейді. Мақсат пен оған жету тәсілдері негізгі белгілер болып саналады. Осыған байланысты соғыс іс-қимылдары қорғаныс және шабуыл болып бөлінеді.

Қорғаныстың мақсаты күші басым жаудың шабуылына тойтарыс беру, оған молшығындар келтіру, маңызды аудандарды (нысандарды), жерлерді ұстап қалу, сөйтіп шабуылға шығу үшін ыңғайлы жағдайлар жасау болып.

Жауынгерлік міндеттерге, күштер мен құрал-жабдықтардың барлығына, сонымен қатар жер сипатына байланысты қорғаныс позициялық және маневрлік болады.

Позициялық қорғаныс – қорғаныстың негізгі түрі. Ол қорғаныстың басты мақсатына неғұрлым болық жауап береді, қорғанысқа әзірленген жер аудандарын ұстап қалу барысында жауға неғұрлым молшығын келтіру жолымен жүргізіледі. Позициялық қорғаныс бағыттардың көпшілігінде жүргізіледі және ең алдымен аумақ шығының болдырмайтын кезде.

Маневрлік қорғаныс – жауға шығын келтіру, уақытты ұту және өз күштерін сақтау мақсатымен қысқа қарсы шабуылға шығумен қосарланған алдын-ала белгіленген және тереңдік шептеріне эшелондырылған бір ізділік қорғаныс ұрыстар арқылы пайдаланылады және қолданылады. Ол белгілі бір аумақты тастауды да мүмкіндейді. Маневрлік қорғаныс барысында батальон басқа да бөлімшелермен іс-әрекеттестікте жауды позициялық мығым қорғаныс дайындығы мол бағытқа шабуыл жасауға мәжбүр етеді болмаса жау қарсы шабуыл арқылы құртылатын оқтайлы жағдайды тудыратын ауданға алып келеді.

Батальон, әдетте, позициялық қорғанысты, жекелеген жағдайларда полктің маневрлік қорғаныстарына қатысуына болады, ал қорғаныс үшін тегістік тағайындалған жағдайда оны өз бетімен жүргізе алады.

Қорғаныс белсенді және шешуші іс-қимылдар аса қолайлы болмағанда немесе болып қалған ыңғайсыз ахуалдың салдарынан еріксіздан әдейілеп қолданылуы мүмкін. Ол соғыс қимылдары басталғанға дейін дайындалып қоюы мүмкін немесе соғыс барысында ұйымдастырылуы ғажап емес.

Батальонның (ротаның) қорғанысқа ауысуы жаумен тікелей түйіспеген немесе онымен көзбекөз кездескен жағдайларға жүзеге асырылуы мүмкін. Қорғаныс жаудың құрал-жабдықтарының барлық түрлерінің соққысына, танктердің, жаяу әскерлердің ірі шоғырының шабуылына қарсылық көрсетуге қабілетті, әуе десанттарымен, аэромобильдік және диверсиялық-барлау топтармен белсенді күрес жүргізуге тұрақты және белсенді болуы қажет. Ол танкке, әуе шабуылына, десанттарға қарсы, терең эшелонған жаудың жаппай қырып-жоятын қаруды, жоғары дәлдікті қару-жарақты, радиоэлектронды күрес, құрал-жабдықтарын қолданған жағдайларда ұзақ ұрыстар жүргізуге дайын болуы керек. Қорғаныстың тұрақтылығы мен белсенділігіне қорғаныстағы әскерлердің жылдамдылығы, ұстамдылығы, төзімділігі, олардың жоғары моральдық рухы, жауға үздіксіз барлау жасау, оның шабуылға шығу дайындығын уақытымен ашу, шабуыл жүргізілетін бағыттарды алдын-ала білу, батальонның (ротаның) ұрыс сапын әбден жасыру, қорғаныс құрылысы мен іс-қимыл туралы ойларды, қорғанысты шебер әрі әртүрлі құру, ыңғайлы жер жағдайын білікті пайдалану және оның инженерлік құрал-жабдықтарын сәтті жұмсау, оттың тиянақты ұйымдастырылған жүйесін құру, әсіресе танкке қарсы, инженерлік бөгелістер, тұрақты пункттер мен оттық позициялар жүйелерімен қаптасқан, сенімді әуе шабуылына қарсы қорғаныс, басқару бағытындағы бөлімшелермен, оттық құралдармен, өтпен уақытылы маневр жасау,

қорғанысқа киліккен жауды және оның десанттарын шапшаң құртып жіберу, қорғаныста күтпеген тактикалық айла-тәсілдерді қолдану, жаудың жаппай қарып-жою қаруынан және АДҚ (ВТО) қорғану жөнінде іс-шараларды тұрақты жүргізіп отыру, қорғаныс аудандарын, тұрақты пункттерді қарсы шабуылға шығумен қаптастырып табанды да ұзақ уақыт ұстап тұрумен қол жеткізіледі.

Шабуыл жауды жойып жіберу және аймақтың маңызды аудандарына ие болу мақсатымен жүргізіледі. Ол жауға бар барлық құралдармен шешуші атакамен, әскерлердің ұрыс алаңының тереңдігіне телассыз ұмтылуымен, тірі күштерді жоюмен, тұтқынға алумен, қару-жарақты, техниканы, аймақтың белгіленген аудандарын (шептерін) басып алумен түсіндіріледі.

Қарсы тұрған жауды жойып жіберуге және маңызды аудандарға (шептерге, нысандарға) ие болуға жеңіліс келтіретін барлық құрал-жабдықтарды білікті пайдаланумен, авиация соққыларының және артиллерия оқтарының нәтижелерін тез пайдаланумен, күш-жігерді тереңдікке уақытылы бағыттаумен, қоршап алуды, айналып өтуді кеңінен пайдаланумен және жауға атаканы флангтан да тылдан да жүргізу арқылы қол жеткізіледі. Шабуылды қорғаныстағы, шабуылдаушы және шегініп бара жатқан жауға қарсы жүргізуге болады.

Қорғаныстағы жауға шабуыл онымен тікелей түйіскен жағдайда немесе бірден жүзеге асырылады. Ол, әдетте қорғаныстың, қиылысқан маңына қару-жарақтың барлық түрлерімен соққы беру, тар учаскесіне танктер мен мотоатқыштар бөлімшелерінің шешуші атакамен қорғаныста саңылау жасап, әрі қарай оны фланг және тереңдікке кеңейте түсу тұрғысындағы қорғанысты бұзып атумен басталады.

Батальон жау қорғанысын, әдетте, полк құрамында бұзып өтеді. Жау қорғанысында жыртылыс, аралық және ашық флангтер болған жағдайда шабуыл жауды оқ астына алумен және майдан күштерінің бөлігімен, флангтардан, тылдан бөлінген бөлімшелердің бірлесіп қорғаныстың неғұрлым әлсіз жері арқылы басталды мүмкін. Бұл жағдайда шабуыл қорғанысты бұзғандағы қарағанда әлдеқайда кең фронтта басталады.

Шабуылдаушы жауға шабуыл қарсы ұрыс жүргізумен, ал шегінуші жауға-соңына түсіп қуумен іске асырылады.

Шабуыл бүкіл күштердің толық жұмылдырылуымен, жоғары демде, тоқтаусыз, күнде де, түнде де, ауа райына қарамастан, барлық әскерлердің түрлерімен, бөлімшелерімен арнаулы әскерлермен тығыз іс-әрекеттестікке жүргізіледі. Бөлімшелер жаудың делангімен тылына тез шығу мақсатымен жер жағдайын білікті пайдалана отырып, шешуші атакалар жасап, жаудың әскери қатарын бөлшектеуге, сөйтіп бөліп-бөліп құртуға міндетті.

Мотоатқыштар полкі әдетте дивизияның бірінші және екінші эшелонында қолданылады, ал автомобильдегі мотоатқыштар полк:

- Дивизияның бірінші эшелонында.

МАН полктің бірінші эшелонында шабуылдауына болады, оның екінші эшелонын немесе жалпыәскерлік резервті құрай алады, ол авангард, алдыңғы

рейдтік, арнаулы, айналып атуші және барлаушы отряд, әрі теңіз десанты ретінде іс-әрекет жасай алады. МАБ (мар) сонымен қатар тактикалық әуе десанты ретінде қимыл көрсете алады және штурмдың топтың штурмдың отрядының негізгі қалай алады.

МА (танкі) батальон шабуыл бастылар алдында, әдетте, бірінші эшелондағы танкілік (мотоатқыштар) батальондарына беріледі. Шабуыл дамыған және тереңдегенде ол өз бетімен немесе басқа батальондардың толық құрамымен өзара іс-әрекеттестік жасайды.

МА (танкі) батальон, әдетте, фронтта 2 км дейін, полктың жарып өту учаскесінде – 1 км дейін соғыса алады.

МА (танкі) ротасы, әдетте, фронтта 1 км дейін, ал фронттың жарып өту учаскесінде – 500 м дейін іс-қимыл көрсете алады.

МА (танкі) взводы майданда 300 м шабуылға шығады.

Қарсы ұрыс соғыс жағдайының әртүрлі қырында болуы ықтимал-марш барысында, контратаканы қолданғанда қорғаныста, сондай-ақ шабуылдың дамыған кезінде. Қарсы ұрыстық мақсаты-шабуылдаушы жауды қысқа мерзімде жойып жіберу, бастамаға ие болу, болашақ іс-әрекетке оқтайлы жағдай жасау.

Қарсы ұрыс жағдайдың кенет өзгеруімен, ұрыс қимылдарының шапшаңдығымен,, жақтардың тез жақындасуымен, олардың ұрысқа бірден кірісіп кетуімен, уақыт ұтуға және бастамаға ие болып, ұстап тұру үшін қызған күреспен, жаудан өт артықшылығын қарумен, жақтардың соғыс саптарында айтақаларлықтай аралықтың және ашық флангтердің болуымен, яғни маневр жасау еркіндігімен сипатталады. Жаудан бұрыс соғыс сапының өрістетілу, оқ жаудыру, атакаға ауысудың шешуші маңызы үлкен.

Өзі басып алуға тиісті шепке дейін алдыңғы отряд қарсы ұрысты егер оған жауды айналып өту мүмкін болмағанда немесе қолайсыз болған жағдайдағана жүргізеді. Авангард (бас жүріс заставасы) өз қозғалыс маршрутындағы барлауды жоюы керек, қарсы ұрыс жаудың жүріс қорғанышын күл-талқан қылып, оның басты күштерін қыспаққа алып, полктің басты күштерінің өрістетілуімен (ұрысқа енуіне ыңғайлы жағдайды қамтамасыз етуі керек (алдыңғы отрядтың, авангардтың). Батальонға (ротаға) қарсы ұрыста жағынаралық міндеттер қойылып, оған шабуылды жалғастыру бағыты көрсетіледі.

Алдыңғы отрядта қимыл көрсетуші батальонның жақыналарық міндеті көрсетілген шепті басып алып, ұстап тұру, жаудың бас күштеріне жеңіске жеткізетін барлық күштерден оқ жаудырып, полктің басты күштерінің алға жылжуына және ортатетілуін қамтамасыз ету болып табылады.

Жалпыәскерлік ұрыста жетекшілік роль мотоатқыштар және танкілік бөлімшелерге беріледі. Қорғаныс ұрыстарда мотоатқыштар мен танкілік бөлімшелер шабуылдаушы жауға жеңіліс таптырушы негізгі күштер болып табылады. Олар пеленген позицияларын берік ұстап тұрады және жауға шабуылды тереңдетіп, дамытуға мүмкіндік бермейді.

Мотоатқыштар бөлімшелері әдетте, бірінші эшелонда қорғаныста болады, оның ішінде қамтамасыз ету жолағында алдыңғы позицияда ұрысуына да болады, жауынгерлік қорғауда да, тұрақты пункттерде де алдығы шепте, сондай-ақ екінші эшелондарда, жалпыәскерлік және десанттарға қарсы резервтерде бола алады.

Олар аттық тосқауылдарда, маневрлік бронетоптарда ұрыс сала алады. Жауынгерлік міндеттерді орындауда олар әскерлердің басқа түрлерінің бөлімшелерімен, арнаулы әскерлермен тығыз өзара іс-әрекеттестікте болады, олардың ұрысын артиллерия оттары мен авиация соққылары қолдайды.

Қорғаныстағы танкілік бөлімшелер де мотоатқыштар орындайтын міндеттерді де орындайды, бірақ негізінен олар мотоатқыштар бөлімшелерін күшейтеді, олардың тұрақты пунктерінің негізін құрайды, сондай-ақ басым жағдайда екінші эшелонда, жалпыәскерлік резервте, маневрлік бронетоптарда қолданылады. Олар өттық тосқауылдарда өте тиімді.

Шабуылда мотоатқыштар және танкілік бөлімшелер бірінші эшелонда да, екінші да қимыл көрсетеді. Мұнда танкілік бөлімшелер шешуші (басты) бағыттарда басым жағдайда бірінші эшелонда негізінен пайдаланылады. Соғыс міндеттерін өз бетімен орындайды, сонымен қатар олар мотоатқыштар және басқа бөлімшелермен күшейтіледі. Мотоатқыштар бөлімшелерінің құрамында соғыса отырып, осы бөлімшелерді күшейтеді (қолдайды) олармен бір жауынгерлік сапта болады. Жағдайларға байланысты олар жорық, ұрыс алдылық, ұрыстық тәртіптерде іс-қимыл көрсете алады.

МА (танкілік) бөлімше жорықтық тәртіпті бір колоннаға құрайды. Ұрыс алдындағы тәртіпті қабылдап, бөлімше колонналарға фронттарға және тереңдікке бөлшектеніп тұрғызылады. Жауынгерлік тәртіп ұрыс жүргізу қолданылады. Ол ұрыс міндетіне және оны жүргізу ойына сәйкес болуы керек.

Жау іс-әрекетінің ойы, құрамы және жағдайы туралы қанағаттанарлық шындық жоқтығын және ұрыс барысындағы іс-қимыл тәсілдерінің өзгеріске ұшырауы мүмкін сипатының анықталмаған жайын еске ала отырып, жауынгерлік тәртіп элементтерінің, құрамын анықтауға өте мұқият қарау қажет. Осындай белгісіздіктер неғұрлым биік болса, соғұрлым барлау, қорғау тиянақты болуы керек, ал жауынгерлік тәртіпте күштер мен құрал-жабдықтардың жеткілікті резервтелуі қажет.

Жалпыәскерлік бөлімшелер жауынгерлік міндеттерді өз бетімен және басқадай бөлімшелермен өзара іс-әрекеттестікпен орындайды. Ұрыс кезінде оларға қолдау көрсету үшін басқа әскерлер түрлерінің бөлімшелері және арнаулы әскерлер берілуі немесе бөлінуіне болады.

Бөлімшенің алдына қойылған жауынгерлік міндетті табыста шешуі қап жағдайда оның мазмұнын дұрыс анықтауға байланысты. Міндеттердің мазмұны, іс-қимыл тәсілдері бөлімшелердің шын мүмкіндіктеріне, онда бар құрал-жабдықтарға, олардың нақты ахуалына, сапасына, қолдану жағдайларына мысалға жаңбыр, қар, жаң-тозақ, аяз, т.б. сәйкестігінің маңызы зор.

Принципті түрде жауынгерлік мүмкіндіктер қару-жарақтың саны мен ұрыстық сипаттамасы, оқ-дәрінің барлығы, олардың нормативке сай келуі және оларға тән міндеттерді тиімді орындауға жеткілікті негізде анықталады.

Қазіргі уақытта шабуылдаушы жаудың әскери сапын танкілер мен БМП құрайтыны себепті бөлімшенің жауынгерлік мүмкіндіктерін бірінші кезекте танктерді және басқадай брондалған нысандарды жоюға бағыттаған жөн болады, атқыштар қару-жарағы бойынша жаяу әскерді құрту мүмкіндігі анықталады. Бөлімшелердің танктерді және басқадай брондалған техниканы құрту жөніндегі мүмкіндіктердің есебі бар танктерге қарсы құрал-жабдықтардың жауынгерлік тиімділігі коэффициентпен бөлімшелердегі олардың санына көбейтумен шығарылады. Қазіргі танкке қарсы құрал-жабдықтардың (ПТС) және танктердің жауынгерлік тиімділік коэффициенттері (қорғаныста) 2-таблицада берілген.

2 кесте

Жаудың шабуылдаушы танкілері мен БМП-таймаластағы ПҚҚ және қорғаныстағы танкілердің жауынгерлік тиімділігінің

коэффициенттері

Танктерге қарсы құралдар	коэффициенттер		
	Дайындылған шептерде (окопта)		Дайындалмаған шептерде (ашық орналасқан)
	Танктермен күрес бойынша	БМП-мен күрес бойынша	
Танк	2,5	3,0	2,0
ПТУР на БМП	2,0	3,0	1,5
ПТРК	1,0	1,5	1,0
СПГ-9	1,0	2,0	0,8
РПГ-7	0,3	0,5	0,2

Ату құралдары бойынша мүмкіндіктер есебінің негізіне бөлімшенің өтпен қамтамасыз ету майданының көлденеңі (ені) алынады. Ол мына формула бойынша анықталады:

$$Шф = Ф + 1/2 (П1 + П2)$$

Шф — бөлімшенің оқпен қамтамасыз ету майданының көлденеңі (ені), м;

Ф — қорғаныс позициясының майданы, м;

П1 және П2 — бөлімшелер арасындағы арақашықтық, м.




Рис. 1. Ширина фронта огневого обеспечения Ш_ф подразделения в обороне

1 сурет. Өтпен қамтамасыз ету майданының көлденеңі (ені) қорғаныстағы бөлімшенің Ш_ф.

Шабуылда бөлімшенің жауынгерлік мүмкіндіктері қорғаныстағы жаудың күштері мен құрал-жабдықтарының белгілі бір тобына соққы бере алуға қабілеттілігі мен белгілі майданда атакаға шығуымен түсіндіріледі.

Қорғаныстағы жаудан жеңіске жету үшін тәжірибе бойынша, ең кем дегенде, жалпы үш еселік басымдылық, ал шабуылдаушы әскерлердің басты соққы беретін учаскесінде (бұзып өту учаскенда) – 5-6 еседен артық басымдық қажет. Бұған танктер мен БМП тиісті тығыздығын құрумен, сондай-ақ авиацияның соққы беруімен, артиллерия оқтарымен қол жеткізіледі.

Жауынгерлік мүмкіндіктердің негізін өт, оқ мүмкіндігі құрайды. Шабуылда, әдетте, оларға жойылған танкілердің және басқа брондалған нысандардың саны, сондай-ақ ату құралдарымен тірі күштерге келтірілген жеңіліс дәрежесі жатқызылады.

Танкілермен және басқа да бронды нысандар мен күрес бойынша өттың мүмкіндігі танктерге қарсы құралдардың, БМП және танктердің жауынгерлік тиімділігі коэффициенттерін пайдалануға негізделеді.

3 кесте.

Танктермен күрес бойынша шабуылда ТҚҚ жауынгерлік тиімділігі
коэффициенттері

Танктерге қарсы құралдар	шабуылда		
	Дайындалған қорғаныста	Асығыс жасалынған қорғаныста	Контратакаға топтарын беру
Танк	0,3	0,4-0,5	2,0
ПТУР на БМП	0,3	0,4-0,5	1,5

ПТРК	0,3	0,4-0,5	1,5
СПГ-9	0,1	0,15	0,8
РПГ-7	0,05	0,08	0,2

БМП (БТР) күресте барлық коэффициенттер 1,5 (2) рет көбейтіледі.

2. Мотоатқыш бөлішелерінің ұрыс қимылдарының негіздері.

Шабуыл –жауды қырып-жою және аймақтағы маңызды аудандарға (шептерге, нысандарға) ие болу мақсатымен жүргізілетін ұрыстың негізгі түрі. Шабуылды мәні жауға барлық қолда бар құралдармен соққы берумен, шешуші атакамен, әскерлердің жау орналасқан тереңдікке арпалыса ұмтылуымен, тірі күштерді құртумен, қамауға алумен, оқ-қаруды, әскери техниканы және белгіленген аймақтағы аудандарды (шептерді) басып алумен түсіндіріледі. Жауды құрту және маңызды ауданға шепке, нысанға) ие болуға қол барлық жеңіліс таптыратын құрал-жабдықтарды білікті пайдалану, авиация соққыларының, артиллерия оттарының нәтижелерін тез пайдаланумен, бөлімшелердің шешуші іс-қимылдарымен, шабуылдың тереңдікке қарқынды дамуы арқылы жеткізіледі. шабуыл, әдетте, жауды бұзып өтумен басталады. Бұзып өту қорғанысты қару-жарақтың барлық түрлерілерінің соққысы мен жарып шығумен, тар учаскесе танкілер және мотоатқыштар бөлімшелерінің шешуші атакасымен, қорғаныста соңынан фланг және тереңдік жаққа кейіннен кеңітілетін сақылау, тесік жасаумен түсіндіріледі. Шабуыл барлық күштердің жұмылдырылуымен, күндізгі де, түнде де, ауа райына қарамастан үзіліссіз әскерлердің барлық түрлерінің бөлімшілерімен, арнаулы әскерлермен тығыз өзара іс-әрекеттестікте өтеді.

Бөлімшелер жаудың фланг мен тылына тез шығу мақсатымен маневр жасау жер жағдайын білікті пайдалана білуі керек, шешуші соққылар беру, оның соғыс сапын бөлшектеп, олар бөліп-бөліп, балқандау мақсатын іске асыруы қажет. Атака танктер мен мотоатқыштар бөлімшелерінің жауынгерлік сапта танктерден, соғыс машиналарынан, жаяу әскерлердің (бронетранспортерлер) оқ жаудыруымен қабаттаса, ал жаумен жақын келген жағдайде оны құртып жіберу (тас-талқан қылу) мақсатымен қарғынды, тоқтаусыз жылжуы мен түсіндіріледі.

Жағдайға және қойылған міндеттерге байланысты шабуыл қорғаныстағы, шабуылдағы немесе шегініп бара жатқан жауға қарсы жүргізіледі. қорғаныстағы жауға қарсы шабуыл бірден немесе онымен тікелей жақындасқанда жүзеге асырылады. Шабуылдаушы жауға қарсы шабуыл қарсы ұрыс арқылы жүзеге асырылады. шегініп бара жатқан жауға шабуыл оның соңына түсумен жүзеге асырылады. Әскерлердің шабуылға бірден ауысуының мәні біздің әскерлер қорғаныстағы әскерлердің алдыңғы бүркемелеуімен тереңдіктен жылжы отырып (марштан, шығыс аударынан, дабыл бойынша жылу ауданынан, тұрақты дислокация орындарынан) колоннардан біртіндеп оқ жаудыру дайындығы уақытында қанат жайылдырады әскери сапқа және

атакаға шығатын шепке ядролық және авиациялық соққыларды пайдалана отырып, қимылдайды, алдыңғы қатардағы жауғы шапшаң атакалайды, жойып жіберіп, олардың қорғаныс тереңдігіне шабуылды дамытумен түсіндіріледі.

Қазіргі уақытта шабуылға бірден шығу әскерлердің шабуылға ауысуының негізгі тәсілі болып табылады. Шабуылдың бұл тәсілі белгілі дәрежеде дайындықтың жасырындығын, іс-қимылдың тұтқиылдығын, жау құралдарынан әскерлердің соққыға іліктеуін қатамасыз етеді, сондай-ақ шабуылды дайындағанда инженерлік жұмыстардың көлемін азайтады. Бірден шабуылдау үшін бастапқы аудан жау қорғанысының алдыңғы бетінен 20-40 км алыстықтан басталады. Әскерлердің шабуылға жаумен тікелей жақындасқан жағдайда туысуының мәні әскерлер қорғаныс жағдайынан тиісті қайта топтасудан соң немесе тереңдіктен қозғалған соң бастапқы ауданға жайғасу және ядролық соққылар мен жау қорғанысы тереңдігі бойынша авиация соққыларының нәтижелерін пайдаланып, қорғаныста болған әскерлерді ауыстыру, оған алдыңғы беттен артиллерия оттарымен және барлық құралдармен соққы береді, оны екпінді атакалайды және шабуылды тереңдетуді дамытумен түсіндіріледі.

Шабуылдағы мотоатқыштар взводының, ротаның, батальонның орыны.

Мотоатқыштар взводы рота құрамында шабуылдайды, ал батальонның резервінде-штурмдық топта және жауынгерлік барлаушылық күзетте - өз бетімен іс-әрекет жасай алады. МАЗ, сонымен қатар тактикалық әуе десантының алдыңғы тобында іс-әрекет жасауына болады. Взвод 300 м дейін фронтта, ал мотоатқыштар бөлімшелері жаяулаған сапта 50 м дейінгі фронтта шабуыл жасайды.

МАР батальонның бірінші эшелонда шабуылдап алады, бас жорықтық заставада, шегінін бара жатқан, арнаулы, барлаушылық отрядтарда іс-әрекет жасай алады, сондай-ақ басқа да міндеттерді орындауына болады.

МАН полктың бірінші эшелонында шабуылдайды, оның екінші эшелонын құрай алады немесе жалпыәскерлік резервті құрайды, авангард, алдыңғы, рейдтік, арнаулы, айналып отуші, және барлаушылық отрядтар, теңіз немесе тактикалық әуе десанты ретінде іс-әрекет жасай алады сондай-ақ басқа да міндеттер орындауына болады. Қалада шабуыл жасағанда және жаудың бекітілген ауданын бұзып өтерде (мотоатқыш батальоны (ротасы), сонымен қатар, штурмдық отряд (штурмдық топ) құрай алады.

Бірден шабуылға шыққанда тағайындалған шептер (пункттер).

Әскерлердің ұйымдасқан қозғалысын және бір мезгілде қосарлап атака жасау үшін тағайындалады: батальондық колонналарға қанат жоюдың бастапқы шебі (пункті); роталық колонналарға қанат жою шебі (пункті); взводтық колонналарға қанат жою шебі (пункті); жаяулау шебі атакаға ауысу шебі; қауіпсіздік алыстатылған шеп.

Бастапқы шеп бастапқы ауданнан күшейтілген МАН колонналарының қозғалысын қамтамасыз ететіндей қашықтықта тағайындалады және олардың жылдамдықты және белгіленген арақашықтықты алуға сай келуі қажет.

Қазіргі кездегі батальонның ұйымдастырылуынан және оның құралдармен күшейтілу мүмкіндіктерін еске ала отырып, сондай-ақ қозғалыстың орташа жылдамдығы мен бөлімшелердің арасындағы арақашықты ескеріп, бұл қашықтық (қалыстатылу) 10 км дейін болуы мүмкін.

Қанат жою шептері қорғаныстың алдыңғы бетінен бөлімшелерге жаудың от құралдарының соққысы жетпейтіндей алыстықта тағайындалады. Қанат жою шептерінің алыстатылуы төменгі формула бойынша негізделеді:

$$P_p = \text{ДОС (МАХ)} - \text{УОП (мин)},$$

мұнда P_p – қанат жою шептерінің алыстығы;

ДОС (МАХ) – жаудың от құралдарының атылуының максималдық қашықтығы;

УОП (мин) – осы құралдардың қорғаныстың алдыңғы бетіндегі оттық позицияларының минималдық алыстатылуы.

Реттеу шептері (пунктері) шабуылға бірден, марштан, дабыл бойынша жиылу ауданынан ауысқанда тағайындала алады. Тұрақты дислокациялық орындардан шекара сызығынан әскерлердің минималдық алыстатылғанда немесе жаудың қорғанысының алдыңғы бетінен тағайындалады. Олар қозғалыстың 3-4 сағат аралығында тағайындалады. Бастапқы ауданнан бірден шабуылға ауысқанда олар, әдетте, тағайындалмайды, өйткені әскерлердің бұл ауданнан қозғалуына 3 сағаттан кем уақыт кетеді.

Батальон колонналарына қанат жою шебі (пункті, онда бұл әскерлер жаудан соққы көрмейтін алыстықта тағайындалуы қажет, олардың қанат жоюы оттық дайындықтан кейін болады. Ол қорғаныстың алдыңғы бетінен 3-5 км алыстықта тағайындалады.

Қауіпсіздік алыстығындағы шеп әскерлерге ядролық соққы беруден сақтау, қорғау үшін тағайындалады. Бұл шеп ядролық соққылар берілгенге дейін ауыстауы керек. Оның алыстығы жарылыс орталығының түріне (эпицентр), ядролық қару-жарақтың қуатына, атмосфераның жағдайына, өздерінің жер аумағындағы жағдайына және оларды құлақтандыру әдістерімен байланысты. Ядролық соққылардан қауіпсіздік алыстығының шебін анықтау үшін мына формула пайдаланылады.

$$R_{бу} = \text{РИП} + 5\text{ВО}$$

Мындағы $R_{бу}$ – қауіпсіздік алыстығының радиусы (километрмен);

РИП – жеке құрамның жеңілісін болдырмайтын радиус (километрмен);

ВО – есептеулі нүктеден жарылыс орталығының болуы мүмкін ауытқуы.

Қауіпсіздік алыстығының радиусы (км) X

Жеке құрамның орналасу жағдайлары	Жарылыс қуаты (КТ)					
	1	2	5	10	100	200

Ашық фортификациял ық құрылыстарда	1,8	1,95	2,55	3,2	6,95	9,2
БТР (БМП)	1,8	2,0	2,25	2,45	3,2	4,05
Танктерде	1,65	1,8	2,0	2,1	2,65	2,8

Х – жазда орталық және солтүстік аудандар үшін .

Жазда көзді сақтау үшін шаралар қолдануға тиісті қашықтықты анықтау үшін көрсетілген Рбу өлшемдері 4,5-ке түнде – 9-ға көбейтіледі.

Жаяу тәртіппен атака жсаушы мотоатқыштар бөлімшелері үшін қауіпсіздік алыстығы шебі өз снарядтарымен миналарының жарылуынан 400 м құрайды (граната жарылысынан – 200 м), ал шабуылдаушы БМП (БТР) үші – 300 м, танкілік бөлімшелер үшін – 200 м.

Шабуыл майданы. Шабуылдағы взводтың, ротаның, батальонның жауынгерлік міндетімен жауынгерлік тәртібі.

МАН майданда 300 м дейін шабуылдайды. Жауынгерлік міндетте взводқа шабуылға атака нысаны және алыстан шабуылдау бағыты көрсетіледі. Кейде жауынгерлік міндетті қойғанда радио арқылы, сондай-ақ түнде және тағай ішінде іс-әрекет жасағанда тек шабуыл, бағы тының азимут ғана көрсетілуі мүмкін. Взвод атакасының нысаны болып, әдетте, окоптардағы немесе басқа да тұрақты пункттің фортификациялық құрылыстары, сондай-ақ шабуыл бағытында дара орналасқан жаудың танктері, қару-жарақтары, пулеметтері және басқадай оттық құрал-жабдықтар саналады.

Негіздеме

Атауы		
Д.стр.макс (км)	106,7	«ТОУ»
Алыстау ОП (км)	5,9	3,0
Рр=ДОС-УОП	1-2	0,1-2
	4-5	3

Взводтық колонналарға қанат жою шебі (пункті) жаудың миномет, алып жүретін ПТУР және ірі калибрлі пулеметтерінің отынан бөлімшелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей алыстықта тағайындалады. Оның алыстығы жау қорғанысының алдыңғы бетінен 2-3 км мүмкіндігінше жер қыртыстарынан әрі таман болғаны жөн.

Негіздеме

Атауы	81 мм М	«Дракон»	12,7 мм М
Д.стр.макс (км)	3,6	1,0	1,5
Алыстау ОП (км)	До 1 км	-	0,2
Рр=ДОС-УОП	2,6	1 км	1,3 км

Жаяу шебі жау қорғанысының алдыңғы бетіне неғұрлым жақын жерден, әдетте, оның пулеметтерінің, жақын ұрыстың танкке қарсы құралдарының отынан жасырынған жерлерде тағайындалады.

Атақаға ауысу шебі оған танкілік және мотоатқыштар бөлімшелерінің қозғалысының жасырын болуына, ал оның алыстығы қару-жарақтың негізгі түрлерінен нағыз өтты, оқты жаудыруды қамтамасыз ететіндей, және көрсетілген уақытта жау қорғанысының алдыңғы бетіне бөлімшелердің тоқтаусыз максималды жылдамдықпен жететіндей жерден таңдалады («Ү»). Ол жау қорғанысының алдыңғы бетінен 600 м, кейде алысырақ сапы (тәртібі) БМП (БТР) техникаларымен шабуылға шығатын соғыс машиналарының бір-бірінен ара қашықтығы 100 м дейінгі әскери сызықтан және сол сызықта немесе одан кейін іс-әрекет жасайтық күшейту құралдарынан тұрады.

Жаяу тәртіппен шабуылдаушы МАВ жауынгерлік сапы (тәртібі) БТР (БМП) және күшейту құралдары тізбегінен тұрады. Мотоатқыштар ротасы, тәртіп бойынша, майданның 1 км дейін, ал бұзып ату учаскесі майданда 500 м дейін шабуылға шыға алады, оған ең жақын міндеті мен әрі қарай шабуылдаудың бағыты көрсетіледі.

Бірінші эшелондағы ротаның ең жақын міндетті, әдетте көршілес бөлімшелермен өзара іс-әрекет арқылы жауды бірінші эшелондағы ротаның тұрақты пунктінде құртып жіберіп, оған ие болу болып табылады. Әрі қарай шабуылдың бағыты жауды қорғаныс ауданы тереңдігінде құртып жіберу қамтамасыз етілетін есеппен анықталады. Алдын-ала дайындалып қойылған қорғанысты, бекітілген ауданды, бұзып өткенде ірі су келергісінен өткен жақтағы ротаның ең басты міндеті жауды бірінші эшелондағы взводтың тұрақты пунктіне жойып жіберу және оған ие болумен түсіндіріледі. Әрі қарайғы шабуылдың батальонның жақын міндетін орындауды қамтамасыз ететіндеп есеппен анықталады. Ротаның жауынгерлік сапы бір эшелонға тұрғызылады. Взводтардың жауынгерлік сызықтағы жағдайы (тізбектегі) сызыққа, кейін қарай бұрышталуына болады, алдына қарай бұрыш талып, оңға қарай, солға қарай ойық талып, кертіліп тұрады. Мотоатқыштар батальоны майданда әдетте 2 км дейін шабуылдай алады, ал полктың ұзып өту учаскесінде тек әдеттегі қару-жарақты пайдаланған жағдайда 1 км майданға шыға алады. Бірінші эшелондағы батальонға жаяу міндеті, әрі қарайғы міндеттері және болашақ шабуылға бағыт көрсетіледі.

Бірінші эшелондағы батальонның ең жақын міндеті әдетте жауды бірінші эшелонның қорғаныс ауданында өзінің шабуыл майданында жойып жіберіп, бірінші позицияға ие болу, келесі кезекті міндет-шабуылды дамыту, көрші батальондармен өзара іс-әрекеттік жасап, жаудың бригадалық (полктық) резервін қырып-жойып, оның шебіне ие болып саналады. Әрі қарайғы шабуылдың бағыты полктың кезекті міндетті орындауға қамтамасыз етілетіндей есеппен анықталады. Алдын-ала дайындалған қорғанысты, бекітілген ауданды бұзып өткенде, ірі су бөгетін соғысумен өткенде МАВ ең жақын міндеті жауды бірінші эшелондағы роталардың тұрақты пунктерінде өзінің шабуылды құрту, қарай батальондармен өзара іс-әрекеттікпен

батальонның қорғаныс тереңдігіндегі аудан жауды талқандау, жаңа позицияға ие болып полктың кезекті міндетін орындауды қамтамасыз ететіндей есеппен анықталады. Батальонның жауынгерлік сапы (тәртібі) шабуылда бір немесе екі қатарда тұрғызылды. Батальонның жауынгерлік сапын бір эшелондықпен тұрғызылғанда взводтан кем емес құрамда резерв бөлінеді. Сонымен қатар батальонның әскери сапы батальон командирінің, батальондық тылдық тікелей бағынышында қалатын өт құралдарын және ӘШҚ құралдарын кіргізеді.

Батальонның соғыс сызығындағы роталардың жағдайы сызықпен, алға бұрышпен артқа бұрышпен, оңдық ойықпен, солдық ойықпен болуы мүмкін.

Кездесу ұрысы.

Кездесу ұрыс шабуылдың ұрыстың бір түрі болып табылады. Ол екі дақтың да қойылған міндеттерді шабуылмен шешуге ұмтылғанда пайда болады.

Кездесу ұрысының мақсаты-шабуылдаушы жауды қысқа мерзімде талқандау, бастаманы қолға алу, әрі қарайғы іс-әрекеттер үшін ұтымды да ыңғайлы жағдайлар жасау болып табылады. Кездесу ұрысы соғыс жағдайының әртүрлі қиылыстарында болуы мүмкін, марш барысында, шабуылды дамытқан кезде, сондай-ақ қорғаныста контратакаға шыққанда.

Кездесу ұрысы оның ұйымдастырылуына шектелген уақытпен, жақтардың тез жақындасуымен және олардың ұрысқа бірден кіруімен, уақыт ұту үшін қызған күреспен, бастамаға қол жеткізу және ұстап тұру жағдайдың шұғылда жиі өзгеріліп тұруымен, кең майданда іс-қимылдың қанат жоюымен және олардың өткіншілігімен, маневр еркіндігін бере алатын ашық фланглардың және аралықтардың болуымен сипатталады.

Кездесу ұрыста табысқа қол барлауды тұрақты жүргізу, уақытылы шешім қабылдау, және міндетті бағыныштыларға жеткізу, оңтайлы шепті басып алу үшін тез маневрді іске асырумен оқ атуды жаудан өзып қимылдау, атакаға ауысып, қанат жоюмен және оған, тәртіп ойынша, кенеттен, күшті соққы берумен флангтан да, тылдан да, бастаманы қалумен, ұрысты мықты да үзіліссіз басқаруды жан-жақты қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асырумен және ұрыста бөлімшелер арасындағы өзара іс-әрекетті қостаумен жеткізіледі.

Взводтың, ротаның, батальонның қорғаныстағы тұрақты взводтың, ротаның және батальондық қорғаныс ауданының көлемі.

Қорғаныста взвод рота құрамында қорғанады батальонның резервінді бола алады, сондай-ақ жауынгерлік қорғауға немесе тосқауылға тағайындалады.

Рота батальонның бірінші немесе екінші эшелонында, қауіпсіздік жолағында немесе алдыңғы позицияда қорғана алуы мүмкін, жалпыәскерлік резервті құруына немесе десантқа қарсы резервте болуына және ұрыстан шыққанда, тылдық (жауынгерлік) жорықтық заставаға шегінгенде және бүркеуші бөлімше ретінде іс-қимыл көрсете алады.

Батальон полктың бірінші және екінші эшелонында, қауіпсіздік жолында немесе алдыңғы позицияда қорғана алуы мүмкін, жалпыәскерлік

резерв құруына немесе десантқа қарсы резервте болуына, ал ұрыстан шыққанда және шегінгенде полктың арьергардына тағайындалуы әбден мүмкін.

Мөлшері (размеры):

- Взводтың тұрақты пункт – 400 м дейін майдан бойынша, 300 м дейін тереңдікте;
- Роталық тұрақты пункт – 1500 м дейін майдан бойынша, 1000 м дейін тереңдікте;
- Батальон қорғанысы ауданының – 5 км дейін майдан бойынша және 3 км дейін тереңдікте.

Батальонның (ротаның) қорғаныстағы жауынгерлік сапы (тәртібі).

Штаттық және берілген бөлімшелерді пайдалану.

Қорғаныстағы жауынгерлік сап (тәртіп):

А) батальонның – екі немесе бір эшелонда. Жауынгерлік сап (тәртіп) бір мезгілде құрғызғанда взводтан кем емес резерв бөлінеді.

Міндетті орындауға және жер жағдайының сипатына байланысты батальон роталардың әртүрлі орналасуына ие бола алады. Роталардың бірін отты қап құрып алға немесе артқа ұмтылдыруға болады, ал ашық флангта қиықтап орналаса алады.

Жер жағдайының сипатына байланысты мотоатқыштар ротасының тұрақты пункттегі взводтары артқа бұрыштап орналасуына болады, тұрақты пункттардың майданы алдында және флангтарда өт системаларын неғұрлым жақсы ұйымдастыруды қамтамасыз ететіндей қиықтап және басқадай орналасуға ие бола алады. Мотоатқыштар батальонына берілген танкілік бөлімшелер, әдетте, роталарға қайтадан бағындырылады және олардың тұрақты пункттерінде қорғаныста тұрады.

Батальон командирінің командалық-бақылау пункті (КБП) мүмкіндігінше танкілер үшін қол жетпейтіндей жерге орналастырылады: тікелей бірінші эшелонның бөлімшелерінен кейін немесе батальонның екінші эшелондағы (резерв) ротасының тұрақты пунктінің ауданына батальон қорғанысының алдыңғы бетінен 2 км дейін алыстықта.

Рота командирінің КБП, әдетте, тұрақты пункттің рота қорғанысының майдан алдындағы және флангтарды бақылайтын жерден 800 м дейін алыстықта орналастырылады. Сондай-ақ мүмкінше бүкіл тұрақты пунктті бақылай алатындай және бөлімшелерді басқаруға ыңғайлы болуы керек. Берілген бөлімше командирінің КБП, әдетте, батальон командирінің КБП жақын жерде, сенімді байланыс, бөлімшелердің іс-әрекеттеріне бақылау оларғы мықты және үзіліссіз басшылық қамтамасыз етілетіндей жерде орналастырылады. Батальонның (ротаның) техникалық бақылау пункті батальон (рота) командирінің КБП жақын қанат жаяды, түзету-көшіру (ремонттық) тобы-батальонның, бірінші эшелонынан соң, медициналық пункт және батальонды қамтамасыз ететін басқа бөлімшелер – оның екінші эшелонынан (резерв) кейін орналастырылады. Ротаның жауынгерлік тамақтану пункті және медициналық пост тұрақты пунктте, көлік өтуі үшін ыңғайлы жерде қанат жаяды.

Взводтың (ротаның) тұрақты пунктінің инженерлік құрал-жабдықтарының жүйелілігі.

Бөлімшелер орналасқан аудандар мен позициялардың инженерлік құрал-жабдықтары фортификациялық құрылыстарды салу болып табылады (ашық және жабылған санылаулар, окоптар, оржолдар, хабарласу жолдары, блиндаждар және жеке құрам үшін паналағыштар, соғыс және басқа техника үшін окоптар және тасалағыш жаппалар.

Арнаулы құралдармен жабдықталған баспаналар оларда жеке құрамның қауіпсіз болуын және етуі керек. Инженерлік құрал-жабдықтардың кезектілігін батальон (рота) командирі белгілейді. Ол батальонның (ротаның) тағайындалған ауданғы келісімен шапшаң басталып кетуі керек.

Бөлімше позициясында, бірінші кезекте, БМП (БТР) үшін жалғыз (қосарланған) окоптар мен терезелер қазылады. Содан соң жалғыз (қосарланған) окоптар өзара бөлімше окопына жалғастырылады, окоп толық профильге жеткізіледі. Жеке құрам үшін ұуыс (блиндаж) жасалынады, қару-жарақтар үшін ойықша, жаяу әскердің соғыс машиналады үшін дапастағы от позициясында окоп қазылады (бронетранспортер). Гере оржол жер қазатын машинамен қозылса, бөлімше командирі оны толықтыра алады.

Мотоатқыштар взводының тұрақты пунктінде бірінші кезекте:

- пулеметчиктер, автоматчиктер, снайпер, гранатометчиктер, танкігі қарсы басқарылатын ракеталар операторлары, огнеметчиктер, үшін жалғыз (қосарланған) окоптар қазылады;
- танктердің, жаяу әскерлердің соғыс машиналарының негізгі оттық позицияларында окоптар қазынады;
- шолу және атыс жолақтарын тазарту жүргізіледі;
- бөгегіштер жасалынады;
- взвод командирінің КБП жасалынады.

Екінші кезекте:

- жалғыз (қосарланған) окоптар өзара оржолмен бөлімше окоптарына қосылады;
- танктер, соғыс машина (бронетранспортерлер) және басқадай от құралдары үшін запастағы (уақытша) позицияларда окоптар қазылады;
- жаяу әскерлердің соғыс машиналарының (бронетранспортерлер) от позицияларына баратын хабарласу, байланысу жолдары, егер олар флангте немесе бөлімшелер позицияларының артында орналасқанда, қазылады;
- әрбір бөлімшеге (эшелонға) жабық қуыстар (блиндаждар) жасалынады;
- кезекшілік от жабдықтары үшін уақытша от позицияларында окоптар қазылады;
- взвод командирі КБП блиндаж жасалынады;
- оқ атуға бейімдендірілген тылға апаратын жол қазу;

- тұрақты пункттегі бүкіл инженерлік құрал-жабдықтардың жетілдірілуі мен дамуы жалғастырылады.

Жаумен тікелей жақындасу болмаған жағдайда және оржол, байланыс жолын, танктер үшін, жаяу әскердің соғыс машиналары (бронетранспортерлер) үшін мүмкіндік бола қалса, жер қазатын және бульдозер құралдары қолданылады.

Барлық позициялар (құрылыстар) жондырып жіберетін қару-жарақтары қорғану үшін дайындалған және мұқият жасырынған болуы керек, ол үшін жергілікті материалдар, өрт сөндірудің табельдік құралдары және жасырып, көлегейтін құрал-жабдықтар пайдаланылады.

Қорғанысқа жаумен тікелей жақындасқан жағдайда көшкенде бірінші кезекте:

- автоматчиктер, пулеметчиктер, снайпер, гранатометчиктер, танктер, соғыс машиналары (бронетранспортерлер), ПТУР қондырғысы және басқадай от құралдары үшін жалғыз (қосарланған) окоптар қазылады;
- атыс мен медициналық пункттер үшін құрылыстар салынады;
- алдыңғы беттің алдында және бөлімшелердің аралықтарында және оның флангтерінде тосқауыл бөгеттер жасалынады;
- контратака және от шептеріне қанат жою шептеріне қозғалыс жолдары дайындалады;
- сумен қамтамасыз ету пункттары (су алатын пункттар) жасалынады.

Жау бақылауын және отынан жасырынуды қамтамасыз ететін жер учаскесерінде, және механизация құралдарын пайдалануға мүмкіндікке онымен қоса от жолдар, байланыс жолдары және техника үшін таслау қазылады.

Екінші кезекте:

- бөлімшеге окоптар қазылады, танктер, жаяу әскердің соғыс машиналары (бронетранспортер) және басқадай от құралдары үшін запастағы (уақытша) от позицияларда окоптар қазылады;
- КБП және медициналық пункт толықтырылып, жасалынады;
- әрбір бөлімше үшін жабық қуыстар (блиндаждар) дайындалады;
- от шептерінде окоптар қазылады;
- қару-жарақ, техника және басқадай материалдық құрал-саймандарды жасыруға орындар әзірленеді;
- алдыңғы беттің алдында және тұрақты пункттардың қара аралығында, әрі олардың флангтарына қосымша тосқауыл, бөгеттер құрастырылады;
- маневр жолдары дайындалады.

Өрі қарай:

- қорғаныс аудандағы (тұрақты пункттегі) инженерлік құрал-жабдықтарды жетілдіріледі;
- техника үшін жасырын жерлер дайындау жалғастырылады;
- оржолдар мен байланыс жолдары қазылады;

- баспаналар дайындалады (ротаға бір-бірден, батареяға және батальон КБП);
- жалған позициялар дайындалады.

Жаумен тікелей жақындасу болмағанда батальонның қорғаныс ауданындағы (ротаның тұрақты пунктінің) инженерлік құрал-жабдықтары механизация құралдарын кеңінен пайдаланумен сол кезектер бойынша жүзеге асырылады.

Қорғаныс ауданын (тұрақты пунктты) маскировкалау оның инженерлік құрылысының бсталуымен үзіліссіз жүзеге асырылады. Табельдік маскировкалық комплектілер жеткілікті сонда болғанда олар маскировкалық техниканы көрсету үшін қолданылады.

Жалған отжолдар, байланыс жолдары 50-60 см тереңдікте, құрал-жабдықтар, танктар, өзі жүретін артиллериялық қондырғылар үшін жалған окоптар (жасырындар) және автокөлік үшін жасырын жер 40 см кем емес тереңдікте жоспар талап ететін размердің сақталуымен қазылады.

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

ӨЗЖӘҰ (СОБ) оған қатысатын барлық әскерлердің күштерінің біріктірілуімен танктердің БМП, БТР-лердің артиллериясының, әуе шабуылынан қорғану құралдарын, самолеттерді, вертолеттерді және басқадай соғыс техникасын, қару-жарақты пайдаланумен жүргізіледі. Ол шешімделегімен, жоғары маневрленуімен, барлық күштің жиынтықталуымен, өткіншілігімен, жағдайдың тез де күшпеген өзгерістерімен және онда қолданылады тәсілдердің әртүрлілігімен сипатталады. Әскери антқа және борышқа адамдық, жоғары саналылық, өте жақсы әскери дайындық және психологиялық әзірлік, жоғары әскери тәртіп дененің жыныққандығы мен жауынгерлердің әскери ынтымақтастығы – қазіргі замандағы ұрыста табысты жетудің басты шарттары. Әрбір солдат, сержант, прапорщик және офицер кез-келген қиындыққа және өміріне қауіп төніп тұрса да жауды жоюға және жауынгерлік міндетті орындауға ойлан бастап шешімді, табанды болуы керек.

